

ТҮІМДІЛІК
X
БЕС ЖЫЛДЫҚ
ПЕН САПА

ОЗАТ ТӘЖІРИБЕ—КӨПКЕ ОРТАҚ!

40.7 (қаз)

М 86

Б. МҰСТАФИН

ДИҚАН ЖОЛЫ



БАҚЫТ МҰСТАФИН

ДИҚАН ЖОЛЫ

«ҚАЙНАР» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1979

ББК 40.721

М 86

М 86 Б. Мұстафин

Диқан жолы. Алматы, «Қайнар», 1979, 96 бет.

Партиямыздың ауыл-селолардағы еңбектің шешуші учаскелерін орта буын маман кадрлармен нығайту жөніндегі міндеті жүзеге асырылуда. Өз ісін шын мәнінде шебер ұйымдастырушы ретінде танылған кадрлар саны барған сайын көбейе түсуде. Солардың бірі — Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы «Дружба» совхозының трактор-егіс бригадасының бригадирі Шаяхмет Жолаушин. Тыңның өйгілі диқанының көп жылғы еңбек жолы — кітап арқауы. Автор кейіпкерін қуаныш, күйініш, күрес, ізденіс үстінде көрсетеді.

Көпшілік оқырманға арналған бұл кітаптың тілі жатық, оқуға жеңіл.

М $\frac{40100-096}{403(07)-79}$ 43—79

3803030100

ББК 40. 721
631.3

© «Қайнар» баспасы, 1979.

Тыңның адамдары өздерін қаһармандар ретінде көрсете білді деп есептеймін. Олар алғашқы кезде тұрмыста болған қиыншылықтардың бәріне төтеп бере білді.

[Л. И. Брежневтің «Тың» естелігінен].

ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ

Көктем бусанып, кең дала жылы жел құшағында тербелген осы бір қасиетті шақ диқан көңілін серпілтпей қоймайды. Осыдан бір апта бұрын аспан аясында ала бұлт керуені үдере көшіп, суық тамшысын сіркіреткен алғашқы жаңбыр да үйіріліп өткен. Қырат-қырқалар қысқы суықтың дымқыл сызынан әлі арыла алмай жүдеу жүзі жабырқап жатыр еді. Алыстан мұнартқан орман құшағы да бұлдыр тартып, көктем құдіретін аңсаған демі бұлықсып төгіліп кетпей тұрғаны бесенеден белгілі болатын. Енді, міне, айнала төңірекке көз салсаңыз көңілдің өзі күмбірлеп күй шертіп қоя беретіндей нағыз мамыржай маусым шымылдық түріп, көктем сахнасын бар сән-салтанатымен жайнатып, айқара ашып тастаған сияқты.

Көк жүзі тұнық мөлдір. Мана таңертеңгі мезетте мамырлай қалқыған шарбы бұлттар көрініп еді, қазір олар да сонау көкжиектің кемеріне сіңіп кетіпті. Күн көзі түс кезін белгілер биікке жылжыған сайын қызуы молайып, айналаны ақ шуағымен жадырата түсіп, күлдіре қытықтағандай нұрға бөлеп келеді. Жер құндағынан жылы бу бұрқырап оянды, әр тұстан сағым бұлдырай бастады. Қыс көрпесінен иығы босаған қырат-қырдың денесі тез сорғып, шапшаң дегдіп барады. Әдетте ерсілі-қарсылы ағылған машиналардың табаны тілгілеген ауыл көшелері де көпке дейін толарсақтан келер қоймалжың сазға бөгіп жатушы еді. Қазір ондай емес. Әр тұста бұрқылдаған шаң да көтеріліп қалады.

Көктемнің бұл беталысы басқа жұртты жадыратып, қуантқанымен, диқан жүрегін әлі тереңнен тебіреніп толқытар мезет емес еді. «Жер-әлем тез құрғап бара жатқан жоқ па, әлі тым асығыстау ғой. Бірер күн қалың жаңбыр құйып өтсе» деген тілек әр адамның көкірек түкпірінде. Ауыл ортасындағы ақ кірпіштен өріліп, әсемдеп салынған үлкен үйдің алдына тоқтай қалған бидай өңді «Москвичтен» түскен екеудің жүзінде де осындай қалау байқалады. Екеуі де ірі денелі. Жүздері дала желіне әбден тотығып, көктем нұрымен күреңітіп кетіпті. Осы беттерінде егіс даласының біраз өңірін шарлап келген шаршаңқы кейіптері танылады. Қабақтары пәстеніп, көздері кіртіп кетіпті. Машинадан түскенде де белдерін әрең жазып, керіліп-созылып алды.

— Биылғы көктем қуаң болмаса қайтсын,— деді «Москвичтің» иесі қасындағы қапсағай келген кесек жүзді жігіт ағасына қарап.

— Қыс бойы тоқтатқан ылғалдың өзін ұшырып әкетіп бара жатыр демексің ғой,— деп анау серігінің күдігін дөп басып, өз көңіліндегі ойдың ұшығын сездірді.

— Әзірше солай.

— Кезінде көрерміз. Диқан шіркін табиғаттың қабағын бағып әбден бағбан болып алған жоқ па. Күдігің дұрыс, бірақ тым асығып-абыржудың реті жоқ.

— Әрине.

— Ендеше мен тез жиналайын. Сен де үйіңе барып киініп кел. Мына балалар не істеп жатыр ей,— деп Шаяхмет өз үйінің ауласындағы көрініске бір түрлі сүйінген жүзбен қарады. Ырысбай да солай бұрылды.

— Мыналардың кереметін қарай гөр.

— Нағыз азамат деп осыларды айт,— десіп балаларды асыра мақтап екеуі ауланың ортасындағы жеңіл машинаға қарай жақындады. Балақтары мен білектерін түрініп тастап, бар ынта-жігерімен қимылдап жүрген балалардың әрекеті қызық еді. Бірінен-бірі аз-ақ қалыңқы кілең он екі-он үш жасар балалар әлгі машинаны мұн-

таздай ғып сүртіп, тазалап-ақ жатыр. Капотты айқара ашып, маңдайына дейін қайырып қойған. Төрт есіктің төртеуі де серпіліп, қанатын жайып тұр. Артқы багажниктің қақпағы да көтерілген. Айнала шашылған құрал-саймандар. Балалардың бар шаруасы моторға ауысыпты. Бәрі жан-жақтан асылып, мойындарын созып, үңілісіп жатыр.

— Мыналарың не?— деді Шаяхмет.

— Тазалап, күтіп жатырмыз. Болдық, папа. Қазір бәрін жинаймыз да, май құйып әкелеміз,— деді сегізінші класта оқитын өз баласы.— Осы машинамен барасың ба?

— Жоқ, бірысбайдың «Москвичімен».

— «Москвич» ескі емес пе, «Жигулимен» бар, папа. Баптап қойдым. Қазір міне.

— Менің киімдерімді дайындады ма екен,— деп Шаяхмет үйге қарай көз салды да, баласына бұрылып еді, ол бір түрлі боп төмен қарады.

— Кім дайындайды.

— Ә...— деді де тілін тістегендей Шаяхмет көңілсізденіп, жүзінде бір мұң жүгіріп өтті. Жан жарасының беті аңдаусыз шарпылып кеткенін өзі де байқамай қалған сияқты.

— Апам қайда.

— Әжем үйде. Папа, әжем киімдеріңді өтектей алмайды ғой. Қазір мен қолымды жуып тастап; өзім өтектейін.— дейді баласы елгезектеніп. Тап-талдырмаш қалпымен бәрін өзі тындыруға ұмтылған мына пысық қылығы сырт көзді бір тақырқатып тастауы айқын еді. Әкесі де соны іштей сезіп, ұлының үй мен түздің шаруасын бірдей бітірмек болған тірлігіне сүйсінді. Жүрегі жылып жүре берді. «Өмір-ай, десейші, қаршадай қалпымен... Көшеде құлындай ойнап құлдырап неге жүрмейді. Өзім кінәлімін бәріне. Жұмыс-жұмыс деп жүріп, дәйім даладан түнделетіп ораласың, таң ата тағы да жоғаласың. Балаларға қарауға да уақыт жоқ. Шешесі де...» Басын бір шайқады да үйге қарай беттеді.

— Шәке, шайды біздің үйден ішерміз. Тез киініңіз. Балалардың айтқаны болсын. Сіздің «Жигулимен» барайық,— деді Ырысбай. Ол да Шаяхметтің ішкі сезім толқынын тереңнен түсініп, сыралғы дос жүзінің сынықтығын байқап қалды. Бірі осы ауылдағы трактор-егіс бригадасының бригадирі болса, екіншісі бөлімше агрономы. Екеуі бала күнінен бірге өскен, тай-құлындай тебісіп, ойнап-күліп келе жатқан тетелестер. Бұлар, отыз жылдан аса диқан атты дәулеттің азаматы болып қатар жүрген құрыш қолдар. Қысы-жазы жұбы жазылмайтын осындай кездері де бар. Бүгін ертемен екеуі егістік алқаптарды сүзіп өтіп, әр танапты тамыршыдай дөп басып, байқап-біліп қайтқан еді. Енді, міне, үйлеріне соғып, киім ауыстырып, көлік жаңартып тағы да жолға асығып жатыр.

Бұл жолғы сапардың жөні бөлек болатын. Ырысбайға ол жайын кеше кешкісін ескерткен-ді. Көршілес «Николаев» совхозының еңбекшілері құрметтеп Шаяхмет Жолаушинді арнайы кездесуге шақырып отыр. Бұлай шақыру мерейлі де мәртебелі. Оның сырын жақын досы, сол «Николаев» совхозындағы трактор-егіс бригадасының бригадирі, осы өңірдің атақты диқаны Социалистік Еңбек Ері Леонид Яковлевич Белоглазов он шақты күн бұрын келген бір сапарында ашып айтқан.

— Шаяхмет Құрманович, Сізді совхозымыздың еңбекшілері кездесуге шақырып отыр. Сіз СССР Жоғарғы Советінің депутаты ретінде СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданған тарихи сессияға қатыстыңыз. Алтын Заң үшін қол көтеріп, дауыс бердіңіз. Міне, осы Ұлы Заңның қабылдануына бір жыл толу мерекесі қандай қуаныш. Сол мереке қарсаңында бізге Алтын Заң туралы айтып берсеңіз. Құрметті қонағымыз болыңыз,— деді ол. Сол жерде келер күнді сағатына дейін айтып кетті.

Қазір Шаяхмет пен Ырысбай сол кездесуге жиналып жүрген сәтте, қаншама тығыз-таяң уақыт болса да, Ырысбай тықыршыған тынымсыз қалып білдірмейді, диқан досының қабағын бағып, тіпті, бір нәрсені ойланып тұрып

қалғанына дейін ыждаһатты тосып, ырқына бағынады. Есік алдында біраз күтіп тұрды да, ол да үйге кірді. Бітпей жатқан бірдеме ісі болса, селбесіп жіберетін ниеті бар еді.

Бұлар үйден шыққанда есік алдына қызыл күрең «Жигули» көлденең тартылып, тоқтай қалды. Рульде алдыңғы әйнектен басы әрең көрініп баласы отыр. Оның арғы жағында артқы орындықта тағы да үйелмелі-сүйелмелі кішкентай балалар. Машина есіктері жаймен ашылып, бәрі шұбалып түсіп жатыр.

— Бәрі дайын, папа, жүре берулеріңе болады!— деді баласы.

— Көшеге шықпаймын дегенің қайда. Машина руліне отыруға әлі ерте. Байқа, балапаным.

— Ұзағаным жоқ.

— Әй, тентектер-ай!— машинаны ат қылып ойнауға айналдыңдар-ау,— деді Шәкең күлімсіреп. Қоңыр даусында баласының мына талпынған қылығына ризалық білдіргендей жұмсақ леп бар.

— Папа, өзің айтушы едің ғой жетінші класта тракторға міндім деп. Мен жетінші класта жеңіл машинаны жүргізсем несі артық,— деп баласы қуақыланып, әкесіне еркелеп қарады.

— Оның дұрыс. Біз жетінші оқығанда он-он жетілерге келген азамат едік. Ал, сен ше, айналайын?— деп сөзге Ырысбай араласты.

— Әлгі Серік неге келмей жатыр. Далаға шығып желпініп келсін,— деп Шәкең кімді тосып тұрғанын білдірді.

— Е, барсын. Жас ол түгілі, кәрі мен де қызығып отырмын...

Енді біраздан соң көктемнің дымқыл тартқан жұп-жұмсақ топырағына табан мөрін тастаған «Жигули» ауыл құшағынан сытылып, үлкен жолдың арнасына қарай жеңіл қалқып, жүйткіп бара жатты. Рульде Шаяхмет Жолаушин, қасында Ырысбай Жүсіпов, артқы орындықта баласы Серік. Осыдан бірер жыл бұрын орта мектепті тәмәм-

даған соң, ауылда механизатор болып қалуды қалаған Серік қазір темір тұлпарды тізгіндеген жас ұландардың бірі еді. Әкесінің бригадасында еңбек етіп жүр. Қыс бойы өзінің «Қазақстан» тракторымен қарлы алқаптарды тілгілеп, аққала тұрғызды. Көктем жиегі көріне бастаған соң-ақ тракторын жөндеуге қойып, тағы да білек сыбанған. Соңғы екі-үш күннен бері ауылда. «Тракторыңды әзірлік сапына қойсаң, онда дала қосына барып оны-мұныға көмектес»— деп Шәкең оның арқасын босатпай тағы да жұмысқа жегіп қойған. Баланың бір мезгіл ерігіп екі қолын қайда сыйғызарын білмей жүргенін жаны жаратпайды-ақ. «Еңбек етсін, түйтіңдеп түртіне берсе түбінде жай қалмас» деді іштей өзіне-өзі. Сол баласы бұлармен бірге мына Николаевкаға баруды қолқалады. «Көптің ортасын көрген де жаман болмас. Ес біліп қалды, шешесін де ойлайды. Біраз сергіп қайтсын»,— деп ала кетті.

Үлкен жолдың шаңы шығып жатыр. Жеңіл машина қос қанатында жел тұрғызып теп-тегіс, тұп-тура арнамен оқша зуылдайды. Жолаушыларын ақырын ғана ырғап, жайлы тербеп қояды. Үшеуі де сәнді киінген сымбатты қалыпта. Шаяхметтің омырауындағы ордендер мен медальдар еріксіз көз жауын алады. Ең үстінде жалауша іспетті қызыл күрең значок. Бұл СССР Жоғарғы Советі депутаттығының белгісі. Одан төменірек қатарда Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендері. Екінші қатарында медальдар тізіліпті. Бұлардың әрқайсысы бір азаматтың ажары болардай айбынды наградалар еді. Соның бәрі бір омырауда самсап тұрғанының өзі мына тұлғалы азаматтың еңбек жолын сырт көзге аңғартқандай. Рульді баппен ұстап, жеңіл басқарып отырған ол қасындағы Ырысбайға бұрылды:

— Әңгіме айт, жол қысқарсын?

— Не айтайын? Біздің ендігі әңгіме егін емес пе?— деп онша серпіле қоймап еді, сол сәтте артта отырған Серік үлкендерге ой салар сұрақ тастады.

— Биыл әр гектардан жиырма центнерден өнім ала-



СССР Жоғарғы Советінің депутаты
Ш а х м е т Ж о л а у ш и н

мыз деп міндеттеме алдық. Соны орындай аламыз ба, Ырысбай аға?

— Орындаймыз, деп белді бекем буып отырмыз ғой. Күшіміз келмесе білекті сыбанып, балуанға түсіп қажеті қанша, Серік? Онан да құмырсқа әліңді біл деп отыра бер-

мейміз бе. Сол меженің қолдан келеріне мына жүрек те, білек те сенгендіктен қол соққан жоқпыз ба? Түгін тартсаң, майы шығатын біздің жер сияқты құнарлы топырақты, айналайын айтпады деме, әлі гектарынан жиырма түгіл, отыз центнерді де ойып жүріп аламыз,— деп агроном әлгі сұраққа елеңдей артқа қарай бұрылып, ыңғайланып алды. Шәкең де Ырысбайдың сөзінің соңын тосып барып қоңыр үнін қосты.

— КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Леонид Ильич Брежнев жолдастың айтқаны нағыз өмірдің өзінен туған талап. Ол кісі біздің республикада әр гектардан жиырма центнерден өнім алу нормаға айналуға тиіс деген жоқ па? Ол әбден мүмкін нәрсе. Жиырма центнерден бүгін бір бригада алса, ертең екеу-үшеу, одан әріде жиырма, отыз, жүз болып кете бермей ме?

— Ауа райы қолайсыз болса қайтеміз?— дейді Серік жасқа тән күдікшіл мінезбен тағы да сұрағын жалғастырып. Шәкең де, Ырысбай да ондай тосын тосқауылдардың біріне де мүдірмейтін қалып байқатады. Екеуі салмақпен, нық сеніммен сөйлейді.

— Ауа райы қолайлы болса, қалаған уақытында жаңбыр себелеп, керегінде күн қыздырып, шуақ төгіліп тұрса біздің жерде бидайды шаш етектен өсіруге болады. Айналайын Серік сенің тракторға мінгеніңе биыл неше жыл?

— Үшінші жыл.

Ырысбай үш саусағын бүгіп қойып, сөзінің нақышын келтіре, мақамдап кетті.

— Ендеше мынаны ұғып қой. Бүгінгі диқанның мақсаты: ауа райының қолайсыз болуына қарамастан үнемі жоғары өнім алу болып отыр. Біз күні-түні ұйықтамағанда осы үшін күресеміз. Осы мақсатқа жетеміз, қалай да жетуге болады деп жан саламыз ғой. Аспанға қарап алақан жайып отырсақ диқан атымыз құрысын. Даланың дүлдүліміз, бізді газеттер осылай қолпаштап жүр ғой, ия дүрілдегенде жетпейтінге жетеміз деп ұмтылмаймыз ба. Біз-

дің жерде жиырма центнерден өнім алуға болады. Мен оған кәміл сенемін,— деп агроном ағасы жанды жеріне тигендей қызына сөйледі. Шәкең бір ноқаттан көз алмай отырған қалпы үнсіз басын изеп, қостай жөнелді.

— Бізде іске асар мүмкіндік пен резерв мол. Оны жақсы білеміз. Қазіргідей самсаған техникалар мен қаптаған құрал-жабдықтар болып тұрғанда неліктен іске асыра алмаймыз. Бір сәт ойлашы, сонау қырқыншы жылдары, жағдайың бүгінгідей толықтанса, өзің білікті механизатор болсаң, әр гектардан жиырма центнерден өнім алмаймын деп қалай айта аласың?

— Жоқ,— деді Серік әкесінің әуеніне ілесіп кеткенін де аңдамай қалып.

— Ендеше аламыз.

— Әрине.— деп Ырысбай енді әңгімені кең арнаға ауыстырып, өзінің көкейінде көптен түйген дәлелді ойларын ағыта бастады:

— Біз әлі табиғатты табандап тұрып бұғалықтай алған жоқпыз. Бірақ, оның қаталдығына көне де бермейміз. Қайратымыз бар, біліміміз, тәжірибеміз бар. Мына топыраққа төгілген маңдай терге сүйенеміз.

Ол ұзақ сөйлеп кетті. Машинаның қос қапталында дөңгелей түсіп, кейін сырғып қалып жатқан көк мұнар далаға көз тастап отырып, нағыз бір жан рахатының есігін ашқандай болды. Ара-арасында Шәкеңе құлай үңіліп, қадала отырып өз сөзін құптатып алады. «Солай ғой» дегендей әңгімесінің сабағын үзіп, сұрана қарағанда жанындағылар басын изейді. Машина ішінде келе жатқандардың екеуі бар өмірін осы дала төсінде өткізіп, соның ыстық-суығында шыңдалып шарболаттай сомдалған айтулы тарландар, ал үшіншісі қауырсын-қанаты жаңадан қатайып, балақтанып келе жатқан қыран текті жас түлек. Ол да өмір жолының алғашқы қадамын дала төсінен бастап тұр. Сондықтан да болар бұлардың жер туралы, дән туралы әңгімесі мына заулаған машина ала қашқан дала

әні іспетті еді. Үшеуі де мына көктем буы бұлықсытқандай қызынып келеді.

Серік көбінесе білуге ұмтылады, сан сала сұрақтарын самсата қояды. Шәкең мен Ырысбай талай жыл түйген тәжірибелерімен жауап береді.

— Қазіргі адамдар цифрмен сөйлеуді сүйеді,— деді Шәкең Ырысбайға қарап. Онысы «Қалтаңдағы қойын дәптерінде атқарған жұмысыңның барлық цифрлары бар емес пе, соларды неге көлденең тоспайсың» дегендей белгісі еді. Агроном оны түсінді де, жалма-жан қалтаға қол сала бастады.

— Онысы дұрыс қой. Бір құшақ көпірме сөзді бір-ақ цифрмен ұрып жығуға болады қазір,— дейді күліп Ырысбай.

— Ескіні айтпай жаңалық еске түспес. Сонау қырқыншы жылдары әр гектардан не бары 5—6 центнерден ғана өнім алынғанын кім білмейді, бәріміз де білеміз. Кітаптан жаттап өстік, Ырысбай аға,— деп Серік кимелеп кетті.

— Міне, бұлар бәрін де біліп тұрады,— деді Ырысбай бір түрлі көңілі нәумезденіп. Кейбір жастардың тым ұшқалақтанып, алдыңды орап отырғанын да жаратпаушы еді. Бірақ өз қанатының астында өсіп келе жатқан Серіктен ондай мінез тоспаған. Бетінен қаққандай қымсынып, сөзі қожырап жүре берді. Шәкең соны шапшаң аңғарып, баласына сондай бір ибалы ескерту жасады.

— Айналайын, алдымен ағаң сөйлесе қайтеді.

— Кешіріңіз аға. Айта беріңіз.

— Айтсам, сонау қырқыншы жылдарды еске түсіру керек еді, ә, Шәке. Екеуміздің жас күніміз сол жылдардың қырқасында қалды ғой. Қалай ұмытамыз. Сендер бәрін біліп тұрғанмен, біз ұмыта алмаймыз-ау. Ал, дегенмен сенің айтқаның болсын. Оныншы бесжылдықтың алғашқы екі жылын көз алдыңнан елестетші. Биыл үшінші жыл. Біраз нәрсені осы екі жылдан-ақ ұғуға болады...

Олар ойланып қалды. Үшеуі де оныншы бесжылдық-

тың алғашқы екі жылын еске алды. «Жигули» бұларды жайлы тербетіп, үлкен жолмен зырлап барады.

1976 жыл. Егін бітік өсті. Орақ жаңа басталып, диқандар қауымы қауырт еңбекке кіріскен кез. Бұл өңірде кімді көрсең де, кіммен кездесең де сөзінің басы астық жинаудан басталады. Ана совхозда, ана бригада бөлен центнерден алайын деп жатыр екен. Ал, оның көршісі одан да асып түсетін көрсеткіште екен, деген сияқты алып қашпа сөздер аз айтылып жүрген жоқ. Дәл қазір сол серпе сөйлеудің өзі артық көрінбейді. Зер салып, сырына үңілсеңіз мұның өзі шын қуаныштың жарқылдаған ұшқыны іспетті. Жарасып жатады.

Жұбайы Ұлпа ұсынған үлкен шарадағы сап-салқын түнемел қымызды орталап, ақырын шайқап отырған Шаяхмет ойлана түсіп, орақтың беталысына разылығын жасыра алмайды.

— Биыл егін жақсы!— деп бір түйіп тастады да, басқа сөз айтпады. Ұлпа одан әрі қузай түсті.

— Қаншадан болатын түрі бар?

— Ана кардонды білесің ғой. Сондағы учаскеге бүгін комбайн жіберіп көріп едік, гектарынан 35 центнерден айналды.

— О, құтты болсын! Жақсы ғой,— деп жұқалтаң келген, дөңгелек жүзді ақсары келіншек үні қатты шығып, күлімсіреді.

Шаяхмет те жымыып қарады. Жұбайының мына мінезі біртүрлі серпілкендей болды.

— Тіпті өзің егін сепкендей қуанасың ғой.

— Енді қайтемін. Сен септің не, мен септім не. Бүкіл елдің ырзығы емес пе? Жарайды! Енді аман-есен жинап алсаңдар жарар еді. Жауын-шашын деген бәлекет бар ғой енді.

— Соны айт. Еңбек еш кетпеген сияқты. Ендігі мәселе жинап алуда болып тұр ғой.

Осы кезде дәліздің еденін тақ-тұқ басып, балалардың біреуі келе жатқаны білінді. Үйдің терезелеріне ма-

та тұтылып, белмелер қара-көлеңке болатын. Жаз бәйы ыстық лептен, шыбын-шіркейден осылай қорғанатын ауыл әдеті емес пе. Сырттан келген кісіні көп аңғара бермейді.

— Бұл кім?— деді Шаяхмет өзі бұрын үн қатып

— Аға, сізді кеңсеге шақырады,— деді баланың дауысы.

— Енді саған дамыл жоқ қой,— деп қалды Ұлпа.

— Қазір барамын,— деп Шаяхмет баланы жөнелтіп салды да, жұбайына қарады.— Біздің жұмыс солай емес пе. Енді күні-түні дамыл жоқ. Астықты қамбаға құйып алмай тыныш таба алмайсың. Ал, сол маңдай теріңді төккен алтын дән ақтарылып далада жатқанда қалай дәтің шыдасын. Еңбек қой. Мұнсыз бола ма?

Шаяхмет затында дауыс көтермейтін, ақырын сөйлейтін жұмсақ мінезді адам. Қоңыр үні бір қалпынан айрылмайды. Ұлпаға ескертпе сөйлеуінің мәнісі бар-ды. Ол осы кеткеннен өте кеш оралады, қайнаған еңбектің ортасына бара жатыр.

— Асты қай кезге әзірлейін?— деді әйелі де оның көп кешігерін топшылап.

— Балаларға бере бер. Комбайншылардың түнгі кезектерін ауыстырған соң келетін шығармын, ол он екіден аса бітер,— деп Шаяхмет орнынан тұрды да, жинала бастады.

Ұлпа ерінің түн қатып жүретін мұндай беймаза жұмысына көндіккен жан. Шаяхметтің осы Тауағаш ауылындағы трактор-егіс бригадасына бригадир болғанына ширек ғасырдан асты. Мұндай ұзақ уақыттың ішінде баптанып, жайланып жүретін жыл маусымдарының бірдебірі болған емес. Барлығыда ширақ еңбек қимылын күтеді. Осындай жұмыс бабында жүрген Шаяхмет сынды азаматтың: ас-суын ертелі-кеш баптап, әзірлеп, үй-ішін ине-жіптен өткендей тап-таза, тап-тұйнақтап ұстаған әйел болатын. Өмірден алған тәрбие-тәлімі мол. Әсіресе, қауырт науқанды кездерде диқандармен бірге белсене тү-

сөді. Үй шаруасы, бес баланың күтім-бағымы да бір сәт бел жаздырмайды-ақ. Бірақ соның бәрін үнсіз тындырады, тәптештеп тағайындайды. Қаншама ауырып-сырқап, жүрсе де, үйінің көркі бір сәт жүдеп көрген емес. Ұлпа бәріне де үлгеріп жүр. Тек соңғы кезде жүрегі жиі-жиі шаншып, жаны қысылып кететіні бар. Онысын да іште тындырады.

«Сыныққа сылтау тілемейді», Шаяхметке айтып, алаң етіп жатпайды да.

— Ұйықтамаймыз,— деп бір-ақ ауыз сөз айтып қалды.

Шәкеңді ауылдың орталық тұсындағы көнелеу үйге орналасқан бөлімше басқарушысы Балтабек Мұстафин мен агроном Ырысбай Жүсіпов кеңседе тосып отыр екен. Бөлімше партия ұйымының секретары, механизатор Қалқаман Қазбеков те шақырылыпты. Бригадир кіріп келгенде үшеуі «ал енді әңгімені бастайық» дегендей бір-біріне қарасты.

Бөлімше кеңсесі тым жұпынылау көрінеді. Күн түсер тұстағы қос терезенің түбінде екпе ағаштар көк «қауырсынды» қанатын жайып, жарықты жібермей, қаракөлеңкелеу тартып тұр. Кеспелтек бітімді, орта бойлы Балтекең кеңсенің мына сиқына күнде бір көз салып, қалжыңшыны аралас: «осыдан көшетін күн бар ма екен» деп қоюшы еді. Сол ойын айтқысы келгендей айналасын тағы бір шолып шықты.

— Әй, осы бөлмесі түскір еңсені басады да тұрады,— деп ол қабағын бір кіржің еткізіп алды да, жолдас-тарына қарады. Балтекең төргі столда, ал қалғандары қабырғаны жағалай, қатар қойылған орындықтарға жайғасқан. Бөлімше басқарушысы аса маңызды әңгімені бар салмағымен қалай сенімді етіп жеткізсем екен дегендей ойлана түсіп, қолымен тықыр шашын бір сипап өтті. Жеткірініп алды.— Әңгіме былай. Жаңа совхоз парткомынан телефон соқты. Бүгін біздің бригадада жиналыс өткізі-

леді, соған дайындалуымыз керек. Сіздерді соған шақырып отырмын.

— Тыныштық па? Қандай жиналыс?

— Қазір айтамын. Мына біздің көршіміз — «Николаев» совхозының диқандары жаңа бастама көтеріп отыр. Бүгін облыстық газеттерде жарияланыпты. Соны талқылауымыз керек.

— Не туралы екен?— деді тағы да Шаяхмет. Басқалары бұл жайдан қанық болып отырған қалыппен үндемейді.

— Биыл егін жинауды 160 сағатта өткізбекші екен. Сол туралы облыс бойынша бастама көтеріпті,— деді бөлімше басқарушысы.

— Мәссаған. Мынау керемет қой!— деп алдымен таңырқап алды Шаяхмет. Бұрын дәл осылай егін жинауды сағатпен шамалауды тіпті ойластырмаған едік. Күн мөлшерін топшылап, бұрын да межелі тұсты уәде етісіп жататын. Ал, дәл бұлай сағатпен өлшеп тағайындалған тәртіпті бірінші рет естіп жүр.

— Қызық екен,— деп ойланып қалды. Өзінің де ішкі есептерін әлгі цифрмен теңдестіріп, салыстырып байқаған пішіні бар.

— Айтуға оңай. Бастаманы бұрқ еткізуге болады. Бірақ өз басым осыған сене қоймаймын,— деп Ырысбай келісе қоюдың қиындығын айтып дызалақтады:— Бұл арада ауа райы мүлде есепке алынбай отыр. Тіпті 160 сағат қатарынан жаңбыр құйып тұратын кез де бар емес пе. Біздің механизаторлар бұл бастамаға күледі де қояды. Басқа ештеме айта қоймас.

— Қиын мәселе. Орындалатындай нақтылы емес. Жұрт қолдауын қолдайды ғой. Оның орындалуы күшке түсіп жүрмесе ақырын көрейік,— деді партия ұйымының секретары.

Бөлімше басқарушысының ойы да осылай. Бұл бастаманың бағалы боларына ол да дүдәмал. Бірақ жоғарыдан берілген нұсқауды мүмкіндігінше орындау керек.

— Біз, бөлімше басшылары, алдымен осы арада бір мәмілеге келіп, әңгімені пісіріп алайық,— деп Балтабек нығарлап сөйледі.— Біріміз олай, біріміз былай тартып шегіншектеуге болмайды. Түсініп барып істейік. Қалай десек те бұл бастама әйтеуір біз үшін жаңалық. Біз ойлап үлгермеген нәрсені басқалар бастап отыр. Енді қостау біздің міндетіміз. Бөлімшенің бас көтерер активтері мұны түсіне алмай отырғаны қалай? Сағатын былай қойғанда, егінді тез жинап алайық!— деген ұранның өзін бірінші қолдауға тиістіміз. Солай емес пе, жолдастар?

— Солай ғой.

— Е, онысы дұрыс.

— Егінді тез жинайық! деген бастаманы қолдаймыз.

— Ендеше, Ырысбай,— деп бөлімше басқарушысы агрономға қарады. «Бірінші сөз сенде, сен бастамаға жаршы болуға міндеттісің» дегендей тура қадалды.— Қазірден бастап, анау-мынау әңгімені доғарып осы бастаманы қалай қолдаймыз, біздің жауабымыз қандай болатыны секілді жайларға тоқталуымыз қажет.

Шаяхмет әңгіме сарынын енді жете ұқты. Расында да егінді тез жинау жөніндегі бастаманы қолдамау қиянат шығар. Бәлкім бастамада батылдық бар болар. 160 сағат деп кесіп айту қиын сияқты. Көкейге қона қоймайды. Бәрін де қинап отырған мәселенің түйіні осы ғой. Дегенмен, облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті мақұлдап отырған соң, жүзеге асыру біздердің міндетіміз емес пе? Шаяхмет осыны ойлады.

— Расында да, Балтекеңнің айтқаны дұрыс,— деді ол отырғандарға көз жүгіртіп. Сабырлы үні нық сенімділігін білдірді.— Қазір диқанның жұмысы да творчество, іздену, есеп-қисап деп жатырмыз ғой. Бидай өсіру үшін жұмылған еңбек пен жүйелі білімге негізделген жөн. Мына бастамада сондай жүйемен қойылып отырған шығар. Ойланайық, ой зердемізге салып, жұртты жаңа іске жұмылдырайық. Балтекеңнің пікіріне мен де қосыламын. Қай жерде болсын мүлтіксіз тәртіп болмай, жұмыс өнбейді.

Мен соны білемін. Жоғарыдан нұсқау келді, ендеше орындайық.

— Бәке, Шәке, мен бұл бастамаға қарсы емеспін. Орақты тез бітіруге кім қарсы болады,— деп Ырысбай да ырыққа бағына бастады.— Тек менің айтып отырғаным, мына сағаты ғой. Мүмкін бе деймін дағы.

— Кеңесіп көрейік.

— Дүниенің бәрі сағатпен, минутпен есептеліп жатқанда біз далада әлі күн көтерілген жоқ деп отырмыз ба? Біз де онымен есептесейік.

— Кәне неше комбайның бар? Жатқаң қанша?

— Нормалары белгілі емес пе?

— Әуелі берілген норманы орындап көрейік те.

— Ж-жоқ, норманы ғана орындаймыз десек, ол бастаманы қолдау бола ма? Оны бір жарым есе асырамыз деп жігіттерге айтуымыз керек, ұйымдастыру керек. Бұл бізге міндет.

— Дұрыс. Қазір жігіттердің қайсысынан сұрасаңыз да өз межесін бір жарым есе арттырмай, мотор үнін өшірмейміз деп отыр.

— Міне, міне, осылай болғанда ғана бастама іске асады.

— Есептеп көрейік онда. Жиналыс нешеде? Біз Шәкең екеуміз бригадаға барайық,— деп Ырысбай қалтасынан қойын дәптерін суыра бастады.

ТАУАҒАШТЫҚТАР ТАБЫСЫ

Тауағаш ауылының терістігінде бригаданың дала қосы орналасқан еді. Совхоздағы техника сол араға шоғырланған. Астық комбайндары бейне бір жойқын жорықтан жаңа босап шыққандай, қатарын да онша тәртіптемей, ілгері-кейінді тоқтаған қалпы қалың шаңға бөгіп тұр. Керемет шайқастың осып-осып өткен таңбаларындай, қалбағай тетіктеріне ілігіп қалған жұлым-жұлым сабан

қалдықтары желбірейді. Анау жоғарыда комбайншы отыратын кабинаның әйнектері тіпті шаңға тұтас тұтылып, сырт қараған адамды еріксіз бас шайқатқандай еді. «Апырмау осы құйтақандай кабинаның ішінде отырып, күні-түні білек сыбана кіріскенде қалай шаршамайды» деген ой еріксіз орала береді. Ал, диқан, шіркін, мұндай мезетте қажу, кею, мою дегенді мүлде ұмытатын сияқты. Міне таң жаңа атып, күн көзі шығыс беткейді шымқай қызыл арайға бөлеп, бүгін аспан жүзі ашық боларын білдіргендей көтеріліп келеді. Күздің таңғы салқыны желпіп өтеді. Дала қосының басы қайнаған қарбаласпен қымқуыт жанталасып, жүгіре басып жүрген жандар. Бәрі де сол қаңтарылған комбайндарының маңында. Дала кемелерін аттансықа тағы да сайлап-майлап, баптап әлектеніп жатыр. Айнала шолып, әр тұсына сығалай үңіліп, сүзіле қадалып, тіпті асығып жүргеннің өзінде сасқалақтап сабырынан айырылмайды.

— Асықпа.

— Бәрін тағайындап алып аттансақ алаңсыз боласың.

— Асығып аттанып, болмашы нәрсеге қайтып оралғаннан жаманы жоқ. Ондайда ұтамын деп ұтылғаныңды білмейсің,— десіп кәнігі механизаторлар жас көмекшілерін тізгіндеп ұстап, асау арынның ала тартуына босатпайды.

— Болды.

— Енді кеттік пе?— деген елгезек дауыстар естілсе, олар комбайн тұғырына биыл көтерілген балғын білектер еді. Тіпті бұл арада лапылдаған жалын да, қызуы күшті маздақ от та жарқылдайды. Бригадир Шаяхмет Жолаушин де осы ортада. Үсті-басы қарақожалақ болып комбайншылардың арасына кіріп кеткен. Жұмыс бабымен байыз таппай, бірінен соң біріне жүгіреді. Бойшаң кісінің бұлай жеделдете басқаны да сырттай бір түрлі көрінеді. Арқасында отыз алты жыл диқандықтың мол жүгі бар тәжірибелі тарланның, облысқа әйгілі бригадирдің, бала-

ша елпiлдеп, жанталаса жүгіргенінің өзі осы ортадағы еңбек екпiнiн арттыра түскендей.

— Нұрмашка, болдың ба?— десе.

— Аға, бiттiм,— деген жауап естиді.

— Тоғай, сен ше?

— Шәке, болдым. Дайынмын.

— Аға, маған көмектесiп жіберіңiзшi.

— Қазір барайың,— дейдi де Шәкең еңкеңдеп комбайндар қатарын бойлай, шапшаң басып ұмтылады. Жолшыбай әр комбайнның тұсынан үн тастап өтедi.

— Қайырбек, қалайсың?

— Қазір, мiне, аға.

— Серғали сен ше?

— Шәке, жүремiн. Кешiгiп барамыз ғой.

— Әлгi жиналыс бар ғой, жiгiттер-ау. Әне, бастықтар да келдi.

Күн әлi көтерілген жоқ. Көкжиектен алтын кiрпiктерi қадалып тұратын бiр тамаша шақ болады ғой. Сонда даладағы күз бояуы тiптi ғажап құлпырып, жүре беретiнiн айтсаңыз шiркiн! Сары алтынға бөгiп, тұтаса толықсыған дән теңiзi қызғылт нұр жалап өткенде жалт-жұлт етiп, төңiректi алтын шуаққа шомылдырып жібергендей болады. Диқандар сондай сәтке дейiн егiндi алқапқа кiрiсiп кетуге асығады. Дән исi сiңген таңғы ауаны комбайнның биiк тұғырында бара жатып, көкiрек кере дем алудың өзі ғажап қой. Сол кезде бойың тiтiркенiп, қаршығадай қағылезденесiң, тамыр-тамырыңа керемет қуат құйылып жатқандай болады. Газды басып гүжiлдетiп тартқанда бункерге қып-қызыл меруерттей дән төгiлiп саулай жөнеледi. Бұл — даланың нағыз құлшынып тұрар тұсы.

— Тез, тез.

— Сағатты есептесек, минутты жоғалтпайық,— деседi механизаторлар.

Дала қосына ертелетiп совхоз басшылары да келген едi. Совхоздың директоры Қайырбай Сәдуақасов пен



Ленин аудандық халықтық бақылау комитетінің председателі С. Бектаев (солда) депутат Ш. Жолаушинмен әңгіме үстінде

партия ұйымының секретары Анатолий Андреевич Корабльников, бөлімше басқарушысы Балтабек Мұстафиндер дала қосының алдына келгенде Шаяхмет Жолаушин бастаған механизаторлар да шоқталып, осы жерге жиналып қалды. Бұл шағын жиынның сырын жігіттердің бәрі де біледі. Кеше Шаяхмет пен Ырысбай әрбір агрегаттың басына барып бастама туралы түсіндірген еді. Әрине, олардың арасында да алдымен таңданып сосын күліскендер де болған, бірақ түсіндіру жұмысы өз нәтижесін берді. «Егінді ең қысқа мерзімде жинап алайық!»— деген бастамаға кім қарсы болсын, бүгінгі ұран осы емес пе? «Дұрыс, қостайық!» деген түйінді сөз қазір мына жиналыста ресми қабылданды.

Ұзын бойлы, кең жауырынды, қара шашын қарсы қайырған, совхоз директоры Қ. Сәдуақасов осы ауылда өскен азамат еді. Мына механизаторлардың бәрі де оған алыс-жақыны болсын, әйтеуір ағайынды, жекжат-туысқандай көрінеді. Сондықтан да еркін сөйлейді. Бірден

араларына кіріп, жігерімен қайрап жатты. Николаевтықтардың бастамасын жан-жақты екшеп айтып берді.

— Кәне, не айтасыңдар?— деп ол механизаторларды түгел шолып шықты да, алдыңғы қатарда тұрған Жолаушинге көз тоқтатты.— Шәке, диқандар жетекшісі сізсіз. Ой-ұйғарымыңыз қалай? Не айтасыз?

— Біз ежелден «Николаев» совхозының бір бригадасымен жарысып келеміз. Күн өткен сайын өзімізді жан-жақты әзірлікке қойып егін жинауды 160 сағатта аяқтаймыз деген сенімдеміз. Оған мүмкіндік бар. Біз Ырысбай екеуміз жігіттердің бәрімен сөйлестік. Біздің бригада әрқашанда мұндай жаңалықты бірінші болып қостайды. Астық жолындағы жаңалық пен жақсылық атаулының бәрі де бізбен бірге. Ендігісін жігіттер айтсын.

— Дұрыс,— деді партком секретары басын изеп. Ол Балтабекпен күбірлесіп, кешегі жұмыстың жайын сұрап тұрған.

— Ораққа шыққалы нешінші күн?— деді директор тұрғандарға қарап. Әрине, бұл жағын біледі. Бірақ әдейі диқандардың көңіл-күйін аңдамақ ниетпен даусын көтере айтты.

— Екі күн өтті.

— Бүгін үшінші күн.

— Ал, қарқын қалай? Екі күннің нәтижесі ше? Бастамаға сөзбен емес, іспен үн қоса аламыз ба.— деп директор әңгімені нақтылай түсті. Бұл сұрақ жұртты ойландырып, бастаманың ішкі мәніне ұңғылап үңілгендей әсер етті. Әркім кешеден бері тындырған ісін саралап өткендей еді.

— Нұрмашке, сенің ойың қалай?

Ол осы ауылдағы белді механизаторлардың біреуі болатын. Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері, жиырма жылдай техника тізгінін ұстаған тарлан. Жыл сайын көктемгі, күзгі дала жұмыстары кезіндегі социалистік жарыста жұлдызы жанып жүргендердің бірі. Ерен еңбеккер. Сол қасиеті үшін де ауылдастарының құрметіне бөленген.

Гайынбай, тайсақтамай, тура сөйлейтін мінезі де көпке ұнайды.

— Кеше жиырма бес гектарды жинадым. Екі күнде елу гектар. Бұл алғашқы күндер ғой. Жаңа қызып келе жатырмыз. Күніне отыз гектардан асыра орындауға болады. Меніңше күн ашық болса, 160 сағатта егінді жинап алуға болады,— деді Нұрмашке.

— Бәріңіз де осылайсыздар ма?

— Біздің жігіттердің барлығы да сенімді. Бірінен бірі қалмауға тырысады,— деп жауап берді Шаяхмет.

— Ал, бірінші күннен бастап, 30 гектардан неге жинамайды? Найқалуға уақыт керек пе?— деп директор тағы да бригадирге қарады.

— Қайырбай, біздің тарапымыздан әзірге дұрыс сияқты. Ал ендігі бөгесін жылдағы ауыру — қырман болады. Орталық қырманға жеткенше жарты күн өтеді. Осы бір шешілмей келе жатқан мәселе. Кейбір комбайндардың қырманнан қашықтығы 30 километр. Міне, осыған қарап, жұмыс өнімділігі үшін машина көп болу керек. Алғашқы күннің өзінде комбайндар машина тосып, тоқтап қалды. Мұны ретке салу қажет. Сонда бізден бөгесін болмайды,— деп еді Жолаушин. Басқалар ду ете түсті.

— Егін қалың, бункер тез толады.

— Машинаны тосып қаламыз.

— Сағатпен жұмыс істеу үшін машиналарды мүлтіксіз ету керек.

Бұл тұста директор тағы ойланып қалды. Расында да осы ауылда механикаландырылған қырман салу ісі бір құнтталмай келе жатыр. Орақ науқанындағы бункері дөнге толып, қарап тұрғанда қарқын туралы ләм-мим деп айта алмайсың.

— Мұны ойластырайық,— деп директор әңгімені әрі созғысы келмеді, диқандарды жеделдетіп жөнелтуге асықты.

— Ал енді уақыт алмайық. Іске сәт, жолдастар!— деді директор.

— Машина жағын сіз ескерсеңіз, біз екпінді еселейміз.

— Мәдени-тұрмыстық жағдай, ынталандыру — бәрі де жақсы. Тек транспорт болсын. Транспорт!

Қос басында өткен жиналыстың түйіні осылай тұжырымдалды. Диқан қауымы жаңа бастаманы қолдады, егін жинау қарқынын қыздыра түсуді ұйғарды. Бар мәселенің қиыны астық тасымалы, қырман-комбайн маршруты болып қала берді.

Біраздан соң, дала қосының басы құлақ тұндыра тұтасқан мотор гүріліне толып кетті. Комбайндар орындарынан қозғалып, сонау астық үшін айқас алабына бет түзеп жатыр. Бүкіл төңіректің бірін-бірі өкшелеп қозғалған он жеті комбайнның дүбірінен басы зеңігендей еді. Ұбап-шұбап екпіндеп тартты. Жаңағы жиналыстан кейін жаңа бір жігерге бөленгендей ұмтылады.

Шынында да жиналыс әсері әркімнің көкірегінде кетіп барады. Кімді болсын ойландырғаны рас болатын. Ал, ой шіркіннің түрлі-түрлі болары белгілі емес пе? Біреулер бұл бастаманы құптаған болып сөйледі, үн қосты, ал көңілінің арғы түкпірінде егіннің 160 сағатта жиналып боларына берік сене де қоймады. Мүмкін емес сияқты. Шаяхмет те өзін-өзі зорлап сендірген болды. Қаншама есеп жасап, қарындаш-дәптерін алып, шотқа салып сартылдатқанмен бірдемесі жетпей жатыр. Цифрлардың сөйлеуі дұрыс, қағаз-қарындаштың қисаптап келтіруі де орынды. Бірақ ақ қағазда айнытпай сызылған нәрсе өмір өрнегіне түскенде үйлесе бермейді-ау. Әсіресе, табиғаттың қабағы мен топырақтың тамырын баққан диқан үшін көбіне солай. Жауын-шашын шіркіннің жоспарлауға айтқаныңа көне қояры қиын-ау. Жүрек дегенің жалын шарпығанда аттай тулап, дүрсілдеп, әлгіндей бастамаларға лүпілдей жөнелетіні де бар. Тек алғашқы дыз етпе қызу өтіп, сабыр салқыны соққанда ғана барып, сенім серігін іздейді де. Дәл қазір Шаяхметтің жүрегі сондай халде. Астыққа деген жоғары жауапкершілік шарқ ұрғызып, неге болса да

батыл білек түргізген сыңайлы. Бүгін ол солай тәуекел етті.

Дала кемелерінің бәрі аттанып кеткенде барып, бұлар өз машиналарына отырды. Совхоз басшыларының «тұлпары» комбайндар кеткен жаққа қарай маңдай төсеп тартты. Ырысбайдың «Москвичі» де солардың соңын қуалап ілесті. Қасында Шаяхмет.

— Бір қызықты бастадық.

— Ақыры немен тынарын.

— Осындай бастамадан пайда бар ма?

— Қалауын тапсаң қар жанады деген. Жүйесін білсең іске аспайтын жұмыс жоқ.

— Дегенмен ойланатын нәрсе. Екеуі осылай қысқа тілдесіп тынды да, ілгеріге қадалып үнсіз отырды. Екеуінің де кеудесінде бүгінгі диқанның игілікті іс үшін ізденуден талмайтын жүрегі соғады...

«Найқалусыз бастауға болмай ма? Бірінші күннен екпіндетіп кетсе қайтеді?»— деп Шаяхмет кешегі жиналыста директордың айтқан сөзін ішінен қайталады. «Расында да біздің көп уақытымыз жайқалып, баптанумен өтіп жүрау. Бұл ойланатын мәселе. Қыс бойы дабыл қағып, жиналыстардың мінбесін бермей қолды құлаштап, сермеп сөйлеп: «Көктемгі егісті үлгілі өткіземіз, одан соң орақты бір дән ысырап етпей аяқтаймыз!» деп екпіндегенде жақсымыз. Ал, сол серпін қазір қайда? Сол сөзіміз бойынша білек түріп неге кіріспейміз. Осындай іркес-тіркес ойлар тайталасты. Ол орнынан кілт тұрып, арлы-берлі жүріп алды. Сосын дала қосының вагоншасында аспазшылардың түскі тамақты таратуға қамдануына көңіл бөлді. «Бәрі өзімізден ғой. Олпы-солпысы жетпей жатады. Соны омыраулап жүріп жеткізуге жан таласа ұмтылмаймыз-ау, сірә. Бәрінен басшыларға сеніп алғанымыз жаман. Солардың басы ауырсын, солар жауап берсін деп жауырыңды жаба тоқу жараспас. Егер бүгін машина жағы қол байласа, онда совхоз орталығына, тіпті, ауданға да барамын!» дейді бір ой ширыққан шымырлықпен.

Біраз үндемей тұрып, ойланып барып далаға көз салғанда екінші ой басалқы болады. «Қой, ауданда біз сияқты бригадирлердің саны бар ғой. Бәріміз бірдей басшылардың шалғайынан алғанымыз жараспас. Өздері де біліп отыр ғой. Бүгін-ертең көмекке машиналар келетін болар».

— Сәлеметсіз бе, аға?— деп ауыл кітапханашысы Зұлқия Сәдуава кірді. Қолтығында бір құшақ газет-журнал, кітаптар, шиыршықтаған үлкен ақ қағаз.

— «Молния» шығарайын деп едім. Озаттарды айтпайсыз ба, аға?— деді ол бір бұрышта тәптіштеліп жиналған столға дүниеліктерін қойып жатып.

— Қалқам, оның дұрыс. Кеше жиналыста естіген шығарсың. Біздің бригада егін жинауды 160 сағатта аяқтау үшін күресуде. «Николаев» совхозының Леонид Яковлевич Белоглазов басқаратын бригадасымен жарысқа түсіп отырмыз. Ал енді мыналарды «Молнияға» жазуыңа болады. Ол озаттарды есіне түсіріп, іштей салыстырып жатқандай ойланып алды да:— Қағаз, қарындашыңды дайындадың ба? Алсаң, жаза бер. Нұрлан Бостанов, Сансызбай Тасболатов, Смағұл Қаратаев күндік нормасын 150 проценттен асыра орындады. Осылардың бәріне де қызыл жалауша тапсырамыз. Газетіңде осылардың аты тұрсын.

— Аға, агрегаттардың басына барайын деп едім. Комбайншылар тамақ ішіп жатқанда әңгіме өткізсем,— деп кітапханашы да далаға жиналып, диқандар ортасына қарай аяңдады. Астық жорығының екпіні оны да ширатыпты. Жиырма жылдан бері ауылдағы мәдениет отауын басқарып келе жатқан Зұлқия он баланың анасы болса да өз ісін ақсатып, от басында шырмалған жан емес. Омырауында «Ардақты ана» медалы жарқырап, көктемде де, күзде де дала қосынан табылатын дәстүрінен әсте айнымайды. Шаяхмет оның сонысын ұнатады.

— Бірақ оған немен барсам екен?

— Қазір міне аспазшылармен бар. Мен де осыларға жармасайын деп тұрмын. Кабиначасына аспазшы отырады

ғой, біз сыртында болармыз. Немесе Жағыпар апарсын. «Уралды» озат кітапханашы деп сенің атыңа берген жоқ па? Өзің мініп ал да, мынадай орақ кезінде божылдат та жүр,— деп бригадир күлімсіреп сөзінің арасына әзіл де өріп қойды. Сосын барып шынына көшті.

— Жағыпар бар емес пе? Мынадай науқанда... Сені сол апарсын.

— Жарайды, сөйтерміз. Ол өзі де апарамын деген.

— Ә, бәсе, аяншақтық жасап жүрген өзің шығарсың. Ендеше мотоциклмен барыңдар. Әңгімені жақсылап өткізіп, газетті дұрыстап шығарыңдар. Мынау диқанның күткен күзі. Биыл егін ырғын болатын түрі бар.

— Аға, гектарынан қаншадан айналып жатыр?

— Әзір жиырмадан төмен түскен жоқ. Әр түрлі ғой. Кей жер отызды да беріп тастайды.

— Жақсы екен. Қайырлы болсын, жұлдызыңыз жанын, аға.

— Ол бәрімізге ортақ еңбек емес пе? Маңдай тер ғой. Міне сен де жүгіріп жүрсің. Дәрігер де агрегат басына барамын деп жатқан.

— Ойын-сауық үйірмелері де келетін шығар?

— Олар да агрегат басына барады. Қысқасы қызықтың көкесі сонда.

Зұлқия жолдасы Жағыпарға айтып мотоциклмен бармақ болды да, бұлар «хозяйка» деп аталатын шаруашылық жұмысына бөлінген машинаға аспазшымен бірге артынып-тартынып жүруге ыңғайланды. Шаяхмет дайындалған тамақтан ауыз тиіп еді, тілін үйірді, сосын ол:— Мына тамақтарың неткен дәмді еді. Осы бағыттан таймаңдар, айналайындар. «Ас — адамның арқауы» деген қажып жүрген еңбеккерлерге күш-қайрат беретінін менсіз де білесіңдер ғой,— деп бригаданың аспазшылары Зәйбан Қосшығұлова мен Райке Құрсарина және Айна Мырзановалардың жұмысына разылық білдірді. Бүгін бұлардың өнерін де бақылаудан өткізіп, қатты қадағалап еді. Ойдағыдай болып шықты. Бригадир орақ кезінде

жұмыстың үлкен-кішісі жоқ деп біледі. Ал, соның бәрі ескертілмей, әркім өзінің еркімен дәл уақытында тындырып жатса ғой. Дала қосындағы жұмыста жабдықтар уақыт алмай сайма-сай боп тұрса, міне, сонда диқан сабазың межелі мезгілде егінін бітірер еді. Әттең, ауылда әлі олай емес. Осы аспазшылар арасында да кешігіп, анау болды, мынауым бүйтті деп жататындар кездеседі. Соның өзі қандай қол байлау, қандай бөгесін десеңізші. Бригадирдің сол ұсақ-түйектің бәрін түсіндіріп айтумен әуреленіп, мазасыз жеккөрінішті болып қалатыны да бар. Бірақ Ш. Жолаушиннің еңбегі зая кетпей, жеміс беріп жүргенін жақсы біледі. Соңғы кезде осы ауылда еңбекке деген көзқарас күрт өзгерді, жақсы нышан, өнегелі дәстүрлер қалыптасуда. Әлгі кітапханашылардың өзін бұрын агрегат басына сүйреп шығара алмайтын еді. Қазір өздері жүгіреді. Мына аспазшыларда тіпті сағаттың минутына дейін есептейді. Осындай қосалқы, көмекші жұмыстардың да айылы тартылып бір қалыпқа, бір тәртіпке сағат келе жатқанын қуаныш еткен бригадир диқанның сағатпен жұмыс істейтін кезі дәл биыл шешілмегенмен алдағы уақыттың аясында жүзеге асар іс екеніне нық сенеді.

— Ал кеттік пе, аға?— деді шофер.

— Біз болдық, жүре бер, айналайын,— деді жүк машинасының қорабына көтерілген Шәкең.

Машина астық жинап жатқан жақтағы дала жолымен тартты. Қорап үстінде отырған бригадир қамшылап қарсы соққан өткір желдің екпінінен жасқанбай, аптап астында алтын толқын боп жатқан алқапқа тура қарап келеді. Жанары жасаурап, өршелене осқылаған күшті жел екі бетін дызылдатқанда ғана сырт айналып, кең жауырынын тосты. Енді кейінгі жақты, қос қапталды сүзіп шолады. Егін шырайы шынында да сүйсінерлік. Жардай тіреліп, жол жиегіне дейін ырғала толқып, киіздей тұтасқан қалпы қызықтырады.

Бұлар егінді алқаптың басына тоқтағанда жаңағы бүкіл денені тінткілеп, жұлқылап құтырынған жел де сап

болып, айнала тып-тыныш бола қалды. Құлағына естілген қатты гуіл де тынды, айнала бей-жай қалыпқа бөленді. Адамдардың дауыстары да анық естіліп жатыр.

— Жалаушаңды көтер, жиналсын бері қарай,— деп Шаяхмет жерге түсіп қатар-қатар тізіліп, бірімен-бірі жарысып жүрген комбайндарға көз салады. Алқапты белбеулеген дестелерді түріп бара жатқан дала «кемелері» соңында шаң бұрқыратып қалып жатыр. Қимылдары тым қарқынды. Тоқтап тұрған біреуі де жоқ. Тек күдік ұялатар бір көрініс еріксіз назар аударады: бес-алты комбайнды жалғыз машина күтіп тұр, қазір бәрінің бункері бір мезгілде толғанда екеу-үшеуі ғана ана машинаға қотарады да, қалғандары амалдары таусылып қаңтарылады. Бригадир тынышсызданып, ауыл жаққа қарап еді, көрінген машиналар болмады. Басын шайқады.

— Қап, мына жылы бейнетке тағы да кезігейін деп тұрмыз-ау.

Айтқандай-ақ түскі тамаққа келген комбайншылардың бірінші әңгімесі даудан басталды.

— Шәке, жағдайды өзіңіз де көріп тұрсыз. Машина жетпейді. Мына қарқынмен жүрсек 160 сағаттың ауылы алыс болар.

— Таңертеңнен бері екі тоқтадым.

— Орақтың басында осылай машина жетпейді.

— Ал, орта тұсында запас бөлшектер жоқ болады.

— Аяғына келгенде қар жауады.

— Бұл айтылғандар бүгінгі ауру емес, жылдағы әдетіміз емес пе, Шәке?

— Осының бәрі сайма-сай болмай сағатпен жұмыс істеу қиын. Біздің күш-жігерімізге, қайрат-қажырымызға тірелген нәрсенің бәрін де жеңуге болады. Міне көрмейсің бе, күн ашықта құлашты сілтеп тастау керек еді. Оның орнына біз машина тосып тұрмыз.

Жігіттердің айтқандары бәрі де дұрыс. Орынды сын. Кеше бастама туралы жиналыс ашқанда осындай әңгімелер талай-талай көлденең келерін бәрі де іштей сезіп



Бригадир Ш. Ж о л а у ш и н озат механизаторлармен сұхбаттасып тұр

еді. Тек ашық жарып айтыспады, игі бастаманың бетінен қаққандай болып дау-дамайласуды жақсы ырымға жорыған жоқ. Шет-жағасын ғана директорға жұқалай айтты. Бәрінің сөзі «транспорт» деп түйінделді. Міне, сол күткен кемшілік араға бір күн салмай алдан шығып тұр.

Бәрі Шаяхметке қарады. «Шәке, не істейміз.», «Шәке, өнім орасан, қалай жинап аламыз.», «Осыншама ырыс ысырап болып далада қалмаса, жарар еді» дегендей еді мына көзқарастар. Жанарлар жұмсақ қадалып, өтініш айтады, іштей күбірлеп күрт көтеріп тастар көмек күткендей болады. Бригадир де амалы таусылып желкесін қасиды. Айнала қозғалақтап тықыршыды. Дәл қазір дәрменсіз. Ауыл жаққа бұрылып көз сала береді.

— Тамақтанып алыңдар!— деді жігіттерді дастарқан басына шақырып.

— Тамақ қайда қашар дейсіз?— десе механизаторлардың біреуі. Екіншісі:

— Енді не болады, Шәке?— дейді. Олардың әр сөзі Шаяхметті алқымынан алғандай болатын. Шарасыздықтан ақырын күтуді айтады. Бірақ соның өзі қатты қысылтады. «Сізге қайда барсаңыз да жол ашық емес пе? СССР Жоғарғы Советінің депутаты қай кабинетке де еркін кіріп, сұрағанын алып қайтпай ма?» дегендей де сыңай байқалады әлгі сөздердің астарында. Бірақ Шаяхмет Жолаушин қанына сіңген байсалды, қарапайымдылықтан, кішіпейілділіктен әрі асып, астамшылық жасаған емес, үкімет мүшесінің мәртебелі мандатын алға тосып, орынсыз киліккен жері де жоқ. Ондай мінезден аулақ. Ал іс мүддесі анық талап етсе, сайлаушылар аманатын орындау қажет болса, одан жасқанып қалары тағы жоқ.

— Бұлай жолға қарап отыруға болмас. Мен басшылармен сөйлесейін,— деп ол «хозяйка» машинасына қайта отырғанда жігіттерін сендіріп кетті.

Шаяхмет Жолаушин сол күні үлкен іскерлік танытты. Совхоз, аудан басшылармен кеңесіп сөйлесті. Ол облысқа да жетті, мән-жай толығымен түсіндірілді. Көп кешікпей көмекке келушілер үлкен жолдың үстімен ағылды. Кілең су жаңа самосвалдар лек-легімен көрінді. Комбайншылар да «түйіншегі» жазылғандай іркілмей сілтеді. Күн-түн демей ағылды. Дала төсі өзінің орақ кезіндегі үйреншікті сарынымен жүре берген еді. Түні бойы егін-алқапта комбайн шамдары самсап, қырманмен екі ортада сапырылысқан машиналардың гүрілі бір сәтке үзілмей, айқыш-ұйқыш жарықтары қараңғылық құшағын тілгілеп, қым-қуыт болды да жатты. «Комбайншылар қайратына мінген екен», «Дала дүрілдеп кетті ғой», «Астық тасқындады деген осы» Ауыл-үйдің түнде тысқа шыққан адамдары осылай сүйсініп жатты.

Ал, таңертең дала қосының басында диқандар өзгеше дуылдасқан еді. Гу-гу етіседі. Алғашқы жеңістеріне мәре-сәре.

— Нұрлан Бостанов — екі норма!
— Смағұл Қаратаев — 190%!
— Ағыбай Самұратов — 180%! — деседі көрсеткіш тақтасына қондырылып жатқан деректерді дабылдатқан дала дүлдүлдері.

— Тасқынның тосқауылын ағытқан біздің Шәкең емес пе?

— Кеше Шәкең облысқа дейін дүбірлетпегенде бүгінге дейін отырар ма едік?

— Енді түзелді ғой.

— Осы қарқыннан жаңылмасақ расында да 160 сағатта бітіруге болады екен ғой.

— Е, несі бар дейсің.

Диқан қауымы ерен еңбегімен осылай жадырап-жарқылдап жатса, егін орағы ортаймас табысқа жететінін Шаяхмет жақсы біледі.

Оныншы бесжылдықтың бірінші жылының орағы осылай басталды. Үміт жұлдызы жоғарыдан жанатын сияқты. Диқан жүрегі қуанышпен соғуда. Егін бітік шыққан. Маңдайдың ыстық тері тамшылаған еңбек-зейнет меруертіндей мөлдіреп таситын түрі бар. Бұл күндері Тауағаш ауылы боп, тыным таппайды. Түн ортасы ауып қою қараңғылық шағын ауылды қапсыра құшағына алғанда да терезесінен сәуле шашып, әлі шамы сөнбеген үйлер комбайн руліне отырған отағасын күтіп отырады, ал екінші біреулері шофер азаматтарын тосады. Осылайша еңбек еткен тауағаштықтар ұйықтамайды. Қоңыр күзде еңбек вахтасында болады. Бұл — диқан өмірінің заңы болып қалыптасып келе жатқан үлгілі әдеті еді.

ҚАУЫРТ ҚИМЫЛ

Түні бойы қауырт қимылдан толастамаған комбайншылар таң қылаң бере жүрісін саябырлатты. Ұйқыдан әбден шаршап, қалжырады. Бірнеше күннен бері тамыл-

жып, тек жылы жел соғып тұрған еді. Енді түн тынысы гарыла берді. Алдымен салқын самал бетті аймалап, дикан қауымының қайрат-қимылынан қызынған денесін бір серпілтіп, сергітіп тастағандай болды да, бара-бара аспан күсі түнере түсті. Біреулері ұйқыға дөс беріп шаршаса, өкіншілері оған шыдамдылық жасап, сергектене түсуде.

— Күн бұзылып кетпей тұрғанда сілтеп алайық та.

Әлі жаңбыр төпелесе өкі қолыңды қоярға жер таппассың.

— Жүре тұрайық.

— Осы зағонды бітірейік,— десіп жігіттер арынын ірке қоймады.

Бірақ толғағы жеткен табиғат бола ма, жаңбыр бірте-бірте күшейіп барады, комбайндар да суға әбден шыла-нып алыпты. Алдында көлденеңдеген жаткасын көтеріп, егістік үстімен шайқалақтап дала қосына қарай тартты.

— Енді жер дегдігенше ұйықтап, демалыңдар. Өзім оятамын,— деді Шаяхмет дала кемелері бір қатарға тііліп тоқтап, механизаторлар жуынып-шайынып асқа отырғанда. Жігіттердің қабағы да тұтасқан ана бұлт сияқты салыңқы тарта қалыпты.

— Мынау жеңіл-желпі өткінші емес.

— Арты қалың екен.

— Тұтасып тұрғаны жаман. Айнала, төңіректе селкеу жоқ,— дескен олардың дауыстарында бір түрлі жабырқаңқылық бар. Құлшына жұмсалған қайрат осылай амалсыз тосылғанда жігерің құм болады екен. Бәрі де сондай кейіпте.

— Саспаңдар. Күн осылай түйіліп тұрар деймісің. Ашылады. Біз де еңбек күйін көсілте тартамыз,— дейді бригадир жігіттерінің жігерін жебеп.

Дала жаңбырға төсін тосып, әп-сәттің арасында қоқыр тартып жүре берді. Жер ылғалы молая түсті. Айнала жаңбырдан соң шаңын сілкіп, қошқылдана түскен тәрізді. Ігін алқаптарының біраз жерлерінде жыпырлаған шөмелелер алыстан қара ноқаттай боп көрінеді. Ал, әлі орыл-

маған егін ұшан теңіз. Масақ мұрты күнге шөжіп, алыстан көз салғанда сарықошқылданып толқиды. Шаяхмет сол дала дидарына ұзақ қарап тұрды да үйіне қарай беттеді. Жер әлі сазданардай болған жоқ еді. Жаяу тартты.

Ойланып келеді ол. Николаевтықтардың бастамасы мына жаңбырдан кейін қалай болар екен. Әйтпесе әп-әдемі нәрсе. Қазіргі уақыттың өзіндей ұшқыр екпінге құрылған бастама. Бәлкім, ол әзірге ертелеу шығар. Оған көп дайындық керек қой. Әуелі техникалық база, кадрлар құрамы көбейіп, қапысыз болу керек. Қазір немене, кейде комбайн бір запас бөлшекті тосып апталап та тұрып қалады. Әрбір сменада жұмыс істейді. Міндетті түрде екі смена қажет. Сонда ғана тықылдаған сағат тіліне қарап, жұмыс істеуге болады. Жігіттердің ең алғашқы күндердегі қарқыны бұл бастаманы қолдауға, орындауға болатынын көрсетіп отыр. Жұмыс қарқыны жақсы еді. Әттең табиғаттың сүреңсіз құбылысы-ай! Осындай бастаманың ботқасын шығарып кете ме деймін. Бұл жағын әлі ойланатын, зерттейтін, жетілдіретін нәрсе, олқы соғатын жерлері көп. Ол осылай түйіндеді толғаныстарын...

Шаяхмет қатты ұйықтап қалыпты, шошып оянды. Кешігіп қалғандай орнынан атып тұрып еді, келіншегі байыппен:

— Жата бер. Жаңбыр үдеп кетті,— деді.

— Не дейді?— деп даусы көтеріңкірек шыққан Шаяхмет жылдам тұрып, терезенің перделерін сырып тастады. Жаңбыр айтқандай-ақ төпелеп тұр екен. Бұлты қалың. Сөгіліп кетер жері көрінбейді тіпті. Қапынып қалды. Басын шайқады.

— Қайран ырыс не болды? Егін! Егін! Егін!..

— Бірер күнде басылар. Жылдағы әдеті емес пе. Мұндай жаңбырды жаңа көріп жүр ме едіңдер?— деді Ұлпа. Оның осылай жұбатқаннан басқа қолынан келер көмегі жоқ. Ол да көңілсіз. Расында да, Ұлпа сөзінің жаны бар. Бұл өңірде мұндай жаңбыр жаңалық емес. Апта-

лип созылатын ақ жаңбырлар да болған талай. Кейбір күндерде жаңбыр төпелеп-төпелеп аяғы қарға айналып кететіні де бар. Сонау бір жылдары қаншама егін қар астында қалып, келесі жылы көктемде қайта жинап алды ғой. Әрине, оның астығы малға берілген. Мұндай тосын тосқауылдың талайы көлденеңдеп кесе тұрған шығар. Диқан қауымы соның бәріне көндіккен, шыныққан, қарсы күрес айласын үйренген. Әйтеуір осы өңірден қалай болсын өнім алып жатады. Тек есіл еңбек еселеп қайтса ғой, бір дән ысырап болмаса деп жанталасады мына Шаяхметтер. Соңғы жылдары осындай жанталаспен жеңіп шығып жүр. Тоғызыншы бесжылдықта «Дружба» совхозының екінші бөлімшесінде жыл сайын орта есеппен дәнді дақылдардың әр гектарынан 17 центнерден өнім алынды. Бұл міне диқан шеберлігін мәнерлей түсетін озық көрсеткіш. Облыс бойынша мақтана айтуға болатын дерек. Осындай жоғары өнімді бұлар жаңбырмен де, қармен де арпалысып жүріп алған жоқ па. Ұлпа соны айтып отыр ғой.

— Ұлпа-ай, жинап аламыз ғой. Онда шәк жоқ. Тек тұнып тұрған байлықтың қаймағы бұзылмай, қоймаға кошке екен деп едім. Мына жаңбыр созылып кетсе, дестегі қураған масақ қауызынан ажырайды ғой. Бидай мұндайда сауылдап төгіледі. Бірер күн жаңбыр ештеме етпес еді, апталап созылмаса,— деп Шаяхмет жан-жүрегімен елжірейді.

— Биылғы міндеттемең қанша еді?— деп сұрады иелі.

— Осы бесжылдық бойы әр гектардан жиырма центнерден аламыз деп уәде байладық қой.

— Баяғыда біз жүргенде гектарынан 4—5 центнерден алғанда қуанушы едік.

— Е, онда өгізбен жүрдік қой. Қолмен, айырмен жинадық. Қазіргі мынадай техника, құрал-жабдық, тыңайтқыш-тұқым дегенің бәрі сайма-сай болып тұрған жоқ па. Әрі-беріден соң жиырма центнерден ала алмаудың өзі

ұят. Сонша жыл диқан болып егін өсіргенде несін үйренген демей ме, біреу.

— Намысшылсың ғой,— деп күлді Ұлпа.

— Е, диқан намысы лапылдап тұрмаса бола ма. Анада облыс орталығында егіншілердің үлкен жиыны өткенде көршілес Қорған облысының атақты диқаны, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, ВАСХНИЛ-дің құрметті академигі Терентий Семенович Мальцев сөз сөйлеп, былай дегені бар.— Костюімді әперші. Қойын дәптеріме жазып қойып едім. Сонда жиналысқа қатысқан агроном, бригадирлердің бәрі сөзбе-сөз жазып алды. Ұлпа қойын дәптерін әперді. Жаңбырға налып, жайланып отырған Шаяхмет ерінбей-жалықпай дәптерін парақтап, керекті жерін тауып алды да, оқып шықты.

— Міне, тыңда. «Диқан деген тек жер айдаушы ғана емес, сонымен бірге өз ісін керемет сүйіп құрметтеуші еңбеккер». Қалай жақсы айтылған. Жерді сүй деп тұрған жоқ па... Осындай сүйіспеншілік қана жеміс береді ғой. Біздің жемісіміз жайқалып тұрғанда, міне, жаңбыр жауып кетті, қалайша қабағымыз түйілмесін. Биылғы егін жақсы еді.

— Жинап аларсыңдар. Бір күн жаңбыр жауды деп байбалам салмашы. Ашылар ертең.

— Арты тұтас. Бүйтіп жамбастап жатуға болмас. Бригада басына барайын,— деп Шаяхмет төсегінен тұрып, киіне бастады.

Дала қосы тым-тырыс. Ендігі ерікті жаңбыр билеген. Кеше ғана қайнап жатқан еңбек сап болған. Бұл арада тіпті ешкімнің ізі де білінбеген сияқты тып-тыныш. Комбайндар суға малшынып, көк ала шаңынан әбден тазаланып, жалтырап тұр. Күзетші қария ғана жүр. Шаяхмет онымен амандасты. Ол да мазасыз.

— Егінге қиын болды-ау!— дейді күзетші қынжылып.

— И-и-и-я, с-о-л-а-й,— дейді Шаяхмет даусын созып. Амалы таусылған соң басқа сөз айта алмайды.

Бөлімше кеңсесіне келді. Онда Балтабек пен Ырысбай,

Қалқаман және тағы біраз механизаторлар отыр екен. Олардың да сөзі жаңбыр мен егін жайлы. Шаяхметті көрген соң бөлімше басқарушысы ендігі шаруа жайлы ақылдасты.

— Жігіттер біраз дем алған шығар. Енді бұлай қолды алға салып, қарап отыра беруге болмайды. Қос басына жұртты жинатып, комбайндарды күтіп-баптату керек. Оны-мұны жөндейтіндерін жөндеп алсын, ертең аттанып кеткенде, артымызға алаңдап жүрмейік. Бізде ондай да болады,— деп Балтабек басшылық нұсқауын беріп жатты.

— Өзіміз де сөйтеміз. Комбайншыларды жинаймыз. Жай отыруға болмайды. Жұмыспен айналысамыз,— деп Шаяхмет те бүгінгі істер шаруасын тағандап алды.

Көп кешікпей көшелердің сазын кешіп, малтыққан комбайншылар бригада басына қарай жиналып жатты.

Ал бұлт көбесі бір күнде, екі күнде сөгіле қойған жоқ. Қайта қалыңдап, тұтасып сіресе түсті. Тіпті құрсауы қозғалмайды. Сіркеленген жаңбыр сіркіреп, бүркіп тұр. Ар-арасында бір ашылғанда комбайндар үдере көтеріліп, егінді алқаптарға аттанып еді, шылқылдаған судан аттап баса алмады. Тұрған жерлерінен қозғалмай, егістік басында әр жерде шоңқиып-шоңқиып қалып қойды.

Жаңбырдың әлегі аптадан асқанда диқан жұрты шынымен қысталаң жайға тап болды. Күздің осылай қалың жаңбырмен созалаңдап барып, арты қарға айналып кетуі де ғажап емес. Ондай мезеттер де болған бұл өңірде. Табиғат қиыншылығы расында да кімді болсын ойландырып тастайды. Әркім әр түрлі амалдар айтып, бір жылдары осындай болғанын еске алып жатты. Оның бәрі де жаңбыр басылған соң қолға алатын шаралар еді. Ал өзірше бұлт бауыры тартылып, толас таппай тұрғанда диқан дәріменсіз болып отыр. Көлкіген су үстінде егін жинаудың еш амалын еш адам әлі ойлап тапқан жоқ. Кей жерлерде егістіктердің ойпаң тұстарында жалтырап су іркіліп қалғаны да көрінеді. Кейбір мамандар «Мына жаңбырдан

кейін жинап алған күннің өзінде әр гектардан кемінде екі-үш центнерден астық ысырап болады»,— деп есептепті. Нәсер жаңбыр он күннен асқанда барып, дестедегі дән бұртиып бөрткені білінді, ал кей тұста көк өскіні көтерілгені анықталды. Бұл екеуі де егін жинауды қиындататын бөгесіндер. Тың төсінде жақсы басталған орақ, осылай жоқ жерден екінші бағытқа бұрылып бара жатқан еді. Орасан астық тағдыры қауіп үстінде тұрды.

Белімше партия ұйымының ашық жиналысы тікелей осы мәселеге арналған. Бұған ораққа қатысқан комбайыншылар шақырылған болатын. Совхоз парткомының секретары А. А. Корабельников жолдас алдымен сөз сөйлеп, жиналысқа қатысушыларды маңызды документпен таныстырды.

— Міне, облыстық газеттердің жаңа нөмірлерін әкеліп отырмын,— деп қолындағы екі газетті көрсетті.— Бұларда облыстық партия комитеті мен халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеттері ораққа қатысушылардың барлығына арналған үндеуі жарияланған. Біз бүгінгі партия жиналысында осы үндеуді талқылап отырмыз. Мұнда астық тағдыры қауіп үстінде екенін атап көрсетіп, облыстық бүкіл еңбекшілерін осы мол астықты аман алып қалу үшін күреске шақырып отыр. Бәріміз бір кісідей көтеріліуіміз керек. Бұл күрестен ешкім де сырт қалмауға тиіс. Бұл — өте маңызды астық майданы.

Партком секретарының сөзі отырғандарға қатты әсер етті. Олар астық жайын барлық жерде жанашырлықпен, толғана ойласқанын терең түсінгендей болатын. Мынадай үндеу тегіннен-тегін дабыл қағып отырмаса керек. Жағдайдың қиындығы әркімге аян-ды. Басқа сөйлеушілер де үндеуді қостап, қолдайтындығын, іспен жауап беретіндігін білдірді. Шаяхмет осы шағын коллективтің жетекшісі ретінде алдымен сөйледі.

— Үндеу дұрыс көтеріліп отыр.— деді ол көкейіндегі өз ойы мына үндеу жолдарында дөп қозғалғанын білдіргісі келген мақаммен нығыздап түйіп. Биылғы егін қамыс

түп, қарыс бастанып әлемет шыққан еді. Бұған қаншама еңбек, маңдай тер жұмсалды десеңізші. Енді, міне, соның бәрі су астында қалып, бәріміздің еңбегіміз зая кеткелі тұр. Астық тағдыры бәрімізді ойландыруға тиіс. Дәл қазір сол астықтың тағдыры қауіп үстінде. Бәріміз жаппай көтеріліп, жұмылмай болмайды. Ертең күн ашылса-ақ болды, жер дегдісін деп тосып отырудың қажеті жоқ, жапа-тармағай егін басына аттанатын болайық. Күн көзіне қарамай-ақ қолмен қопсытып, жасанды жолмен дегдітуіміз керек. Оқушы да, инженер де, үй шаруасындағы әйелдер де бұл істен тыс қалмасын, шын мәнінде майданға, астық майданына аттанамыз.

Жиналыс біткен соң тағы да айтылмаған кейбір ойлар көлденең тосыла бастады.

— Шәке, жаңа шаршы топтан суырылып сұрауға ұялдым. Сонда осы ұлан даланың дестесін айырмен қай уақытта аударып үлгереміз?— деді мосқалдау механизаторлардың бірі. Даусы жасқаншақтау. Мынадай дабылды жиын қостаған шешімге қарсы дау айта алмайтын қалпын білдіріп міңгірлеп сөйледі. Жоқ жерден туындай беретін бастамаларды ұнатпайтын жайын аңғартады.

— Әрине, қиын. Бірақ қиын деп қол қусырып отыруға болмайды, жаппай жұмылсақ бір шеті түріліп біте бермей ме. Ен дүниені суға ағызып салбырап отыру да жараспас. Шамамыз келгенше құтқарып көрерміз. Соғыс жылдары қыста қар астында қалған масақты көктемде бір-бірлеп жинағанымызды ұмыттың ба?! Қалай болса да жинауға жұмыламыз.

Осыны айтты да бригадир жігіттерін жанына шақырып, істейтін жұмыстарын нақтылап, ақылдасып жатты. Жаңбыр бүгін он бірінші күн дегенде ептеп толастап, бұлт сөйілгендей болды. Ағаш басын суылдатып жел тұрды. Көкжиектің де кемері көзге шалынып, жалбыр бұлттардың етек-жеңі жиналып, бауыры тартылып барады. Бірақ жер-көк аяқ алып жүргісіз, көлкіген су. Ауыл адамдарының бәрі тізеден келер керзі етік киіп алған. Моторлы кө-

ліктің барлығының да доңғалағы айналмай сазға белшесінен батады. Табиғат бұл жолы да тағы бір сынағын диқан алдында тосқандай, шешімі қиын сұрақтарын жаңбыр тілімен айтып беріп еді.

«Жағдай қиын!», «Жағдай қиын!», «Төтенше шаралар қажет!»— осындай дабыл ұрған шұғыл телеграммалар мен телефонограммалар саябыр табар емес. Бәрінің мақсат, тілегі біреу-ақ. Ол өнген астықты ысырапсыз тез жинап алу қамы. Арысы облыс, берісі совхоз болып аяғынан тік тұрып, үдере көтерілгені анық. Бұл бригадаға да бір-нешеуі келіп кетті.

Жиналыстан шыққан жұрт әлі әбден тарап үлгермей соңында Балтабек, Шаяхмет, Ырысбай сынды ауыл ағалары қалып еді. Кеңседе отырған олар есік алдына гүр етіп тоқтаған машинаға елең ете қалысты.

— Мынадай батпақта жол тауып жүрген қандай жау жүректер, әй?— деп бөлімше басқарушысы алдымен таңырқады.

— Қалай жетті екен?

— Вездеход шығар.

— Вездеходтың да вездеходы жетер біздің жерге,— десіп бұлар орындарынан тұруға ыңғайлана бергенде есік ашылып, бұлар тіпті тоспаған — алыстан жеткен адамдар көрінеді. Алдыңғысы облыстық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Жақсылық Ысқақов, одан кейінгісі Ақжан Базарбаев, ең соңында совхоз директоры Қайырбай Садуақасов еді. Облыс, аудан, совхоз басшыларының да бұл шақта аса беймаза халін танытып, бұлар кеңседегілермен шүйіркелесіп амандасты, жағдайларын сұрап жатыр.

— Халдарыңыз қалай?— деп Жақсылық бөлімше басқарушысына бұрылып, жай-жапсарды білуге ыңғай танытты.

— Халіміз жақсы еді. Гектарынан 25 центнерден өнім алып жаттық. Мына жаңбырдың қырсығынан жіпсіз байланып қалғанымыз...

— Ауа райын зерттейтін бюроның болжамы дұрыс болса, бүгін-ертең күн ашылады.

— Ал, күн ашылған соң, жер дегдісін, десте кепсін деп тағы бірер күн отырамыз ба?

— Қазір не істеп жатырсыздар?— деп Ысқақов ілтифатпен Жолаушинге байыздап қарады.

— Шәке, сіздің тәжірибеңіз мол ғой, мұндай жыл, мұндай жаңбырлы күз кездесіп пе еді? Онда не істеуші едіңіздер?

— Жай отырғанымыз жоқ, әрине,— деп Балтабек Мұстафин алдымен жауап берді.— Алдымен комбайндарды күтіп, баптап, қапысыз сайлап қойдық. Ал, ертең бүкіл ауылдың адамдарын көтеріп, айырмен қалың дестелерді аудартамыз, желге қақтырып кептіреміз де комбайндарды іске қосамыз. Батпақтап жүре алмаған жерлерінде шынжыртабан тракторлармен көмектесеміз. Осылай амалдамасақ бола ма?! Бірде-бір дәнді далада қалдырмаймыз деп отырмыз.

— Дұрыс-ақ. Бұларыңыз ақыл екен. Облыстың барлық жерінде осылай түрлі әдіспен амалдап жатыр,— деп Ысқақов бұлардың әрекетін құптады.

— Мұндай жаңбырлы күздің талайын көрдік қой,— деді сөз кезегі тигенде Шаяхмет.— Күз бойы жаңбыр төпелеп, оның ақыры қармен ұласып кеткенін де көрдік. Ол кездегі шама-шарқымызды қазіргі күш-қуатпен салыстыруға болмайды ғой. Бүгінгі техника тек бұрылуға мұрша берсең болды сабаныңа дейін сыпырып-сиырып, жып-жылмағай қыламын деп тұрған жоқ па. Енді қар астында қалдырмаймыз, жинап аламыз деп сеніммен отырмыз.

— Неше күн ашық болса, егінді түгел жинап алар едіңіз?— деді Ысқақов.

— Екі аптаның арғы, бергі жағы.

— Шәке, дүдәмалдысыз ғой?

— Тап басып, тура айтуға жаңбыр жібермей тұр-ау. Оның үстіне біздің ауылдан бір механикаландырылған қырман салынбай, транспорт жағы қинап-ақ тұр.

— Салынбағаны қалай?— деп Ысқақов қасында тұрған Базарбаев пен Сәдуақасовқа қарап еді, екеуі жарысып жауап берді.

— Ол шешілген мәселе.

— Биыл басталады.

— Биыл басталғанымен бітпейді ғой. Онда бұл кісілерге транспортпен көмектесу керек. Резервтен машина бөліңіздер, болмаса облыстан жіберейік.

Жолаушин бұл тұста жаймен жымыып қойды. Бар мәнжайды егжей-тегжейді сұрастырған басшылар бұларды ертіп бригада басына барды, «УАЗ» жеңіл машинасының соңынан «Кировец» тракторын көмекшілікке ертіп, егін алқабын көріп қайтты. Ертең де ораларын білдірісті.

Белімше белсенділері бұл күні түннің біразын кеңседе өткізді: Балтабек, Ырысбай, Шаяхмет, Қалқаман төртеуі маңызды мәселені талқыларда түйісетін әдеттерімен оңаша отырып, ертеңгі жұмыс жайын тағы да ақылдасты. Жұртты жаппай көтеру оңай шаруа емес екенін еске алып, әрбір адамды тізімге хаттап, олардың жалпы санын анықтасты, үй басы түгендеп, қарияларды да қатарға қосты.

— Жергілікті радиоторабы арқылы хабар беру керек.

— Белсенділерді әр көшеге бекітіп, әр көшенің намысы үшін жарыс ұйымдастырған жөн.

— Ол да дұрыс.

— Алдымен білекті сыбанып өзіміз шығайық, сонда жұртта бөгеу болмас.

— Күн ашық болса, ертең кешке қарай комбайндар да іске қосылар,— деп төртеуі үйлеріне кештетіп оралды. Алдағы істелер жұмыс асықтырды, қайратты қауырт қимылды тіледі.

Тауағаш ауылының көшесі келесі күні көп жылдан бері байқалмаған көрініске толды. Бұлт ыдырап, күн көзі шайдай ашылды. Бірнеше тәулік қатарынан төпелеген нөсердің кесірі әп-сәтте айыға қоймасы белгілі. Көшенің сазы тобықтан келіп, миы шығып жатыр. Керзі етіктің табаны

кере қарыс батпаққа белшелеп жұрт аяғын зорға сүйретеді. Әр үйден анталап шыққан адамдардың айыр, тырнауыштарын иықтарына ербеңдетіп көтеріп, кеңсе маңында тоғысып, қарасыны көбейіп барады. Құрметті демалыстағы ақсақалдар да, үй шаруасындағы әйелдер де білек сыбанып шығыпты. Мектеп маңы құжынаған балалар. Машиналар, тіркемелі тракторлар да гүрілдеп кеңсе алдында аттанар белгіні тосып тұр.

— Кәне, жұрттың алды міне берсін. Байқаңдар, дабырлап жүріп, машина қорабынан құлап қалып жүрмеңдер,— деп бұл шоғыр топты бөлімше басқарушысы Балтабек машинаға отырғыза бастады.— Сыймағандарың трактор тіркемесіне отырыңдар. Шаяхмет, бірінші топты өзің бастап барып жұртқа не істеу керектігін түсіндір. Топырлап дестені шашып тастап жүрмесін.

— Жарайды, сонда барайық,—деп машина қорабына Шаяхмет те көтерілді. Дабырласқан ауыл адамдары жапа-тармағай машина үстіне, трактор тіркемесіне көтеріліп жатыр. Қариялар жағына жастар көмектесіп, қолтықтарынан демесіп жоғары шығарысады. Әзіл-күлкі де аралас. Жұрттың қабағы көтеріңкі.

— Кәне, бөгелмеңдер,— деп Балтабек қолын ілгері сілтегенде екі машина, бір тіркемелі трактор орындарынан қозғалды.

Жолшыбай төңірекке үңілумен болған шалдар жағы таңырқаумен келеді.

— Жарықтық жаңбыр да жердің сілесін қатырған екен.

— Көл болып кетіпті ғой.

— Мына сазда комбайндар екі-үш күн қозғала алмас.

— Қанша жаңбыр жауыпты, өлшейтіндері бар еді ғой.

— Он күнде бір жарым жылдық нормаға жуық жаңбыр жауыпты.

— Бәсе, солай шығар.

— Аспанның түбі тесіліп кетті ме деп ойлап едім.

Машиналар мен «Беларусь» тракторы боз жерлермен

келеді. Даланың жолына беттей алар түрлері жоқ. Жолдың табаны суға толып, кемеріне дейін қөлкіп тұр. Кей жерлерде амалсыздан бұрылып жолға түссе, бауырына жетіп қалады. Мұндай ғаламатты кім көрген дегендей шалдар төмен үңіліп бастарын шайқасады.

— Мынадайда егін жинап алу да ерлік-ау.

— Еһ, ерліктің көкесі сол болар,— деседі бір-біріне.

Егістік басына тоқтап, топырлап түсіп жатқан жұрттың гу-гуі енді ұлғая түсті. Ошақ басынан ұзамаған әйелдер, қора маңын қорғалап қалған қариялар арасында биылғы егіннің бітісін бірінші көріп тұрғандары да бар. Құшақ жетпестей теңкиген қалың дестелерді жаңбыр басып тастапты. Масақтары кере қарыс. Дәндері баданадай. Ақсақалдар алақандарына салып уқалап, жаңбырға жасыған қып-қызыл дәнді тістеріне басып көреді.

— Өнім жақсы екен.

— Дәні ірі.

— Дестесі қалың.

Шаяхмет қолындағы айырын қалың дестенің жолына сүңгітіп салып жібереді де, аударып жұртқа көрсетті.

— Міне көрдіңіздер ме, мынадай қалың дестенің асты күн, жел тимеген соң тез көгеріп, әрі-беріден соң шіри бастайды,— деп ол тұрғандарға түсіндіріп жатты. Дестені аударып желдің өтіне тастағанда асты қызынып, көктеп барады екен. Ондай жердің дәні де бұртиып, ісіне бастайтынын айтты.

— Түсіндіңіздер ме?

— Түсіндік.

— Ендеше көп күш жұмсап, дестені сабалап түтелеудің қажеті жоқ. Онда дәні соғылып, түсіп қалады. Тек тезірек жел қағатындай етіп көтеріп қозғап қойсаңыздар болды. Іске сәт, халайық,— деп Шаяхмет жұртты ұзыннан-ұзақ көсілген дестелердің үстіне жыбырлатып жауып жіберді. Біраздан соң ауылдан тағы да машиналар келіп, егінді алқаптың өңірі халыққа толып кетті.

— Біз тракторларды, комбайндарды қозғаймыз. Бү-

гін кештетіп не қылсақ та бастаймыз,— деп Шаяхмет механизаторларды ертіп әр тұста тоқтап тұрған комбайндарға тартты.

Дала төсі тағы да еңбек күйіне бөленді. Адам қайраты қандай қиындықты болсын жеңетіндігін әйгілеп, әлгі қалың қол кешке дейін дамылсыз арпалысты. Тоқтамады, тынбады. Қарттар да, үй шаруасындағы әйелдер де, оқушылар да мол астық үшін күреске үлес қосып жүргенін іштей мақтаныш етті.

Кешке қарай дала қосындағы еңбек тағы да қызды. Бәрі асығыс. Жүгіре басады. Жер әлі анық дегдімесе де, бүгін күнұзаққа ауыстырылған дестелерді жел қағып кеуіп қалыпты. Енді комбайндармен іске кіріспекші. Кей жерлерде жүре алмаса тракторлармен демеп жіберуді ұйымдастырып, «Қазақстандарды» егістік басына аттандырып жатыр. Аспазшылар мен кітапханашы да қос басында әбігер.

Кітапханашы Зұлқия Сәдуова арнаулы қабырға газет жасап, оған көрнекті әріптермен әдемілеп мынадай сөздерді жазып қойыпты: «Қазір егін алқабында жүргендерге оңай соқпайды. Олар көбінесе күндіз де, түнде де жұмыс істейді. Ауа райы да еркінсітіп тұрған жоқ. Солай бола тұрса да адамдар жанқиярлықпен, жан-тәнімен, ерлерше еңбек етуде». Бұл 1976 жылғы 3 сентябрьде Алматыда болған Қазақстан партия-шаруашылық активінің кеңесінде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдастың сөйлеген сөзінен алынған еді. Қос басына келгендер осы сөздерге үңіліп, мәз болысып қалады. Әсіресе, комбайншылар жағы тура өздеріне айтылған лебіз, шын жүректен шыққан әкелік қамқорлық белгісі екенін сезініп бір-біріне қарасады.

— Тұп-тура бізге арналыпты.

— Жағдайымызды көріп отырған сияқты.

— Партиямыз бен үкіметіміздің басшысы тікелей өзі қамқорлыққа алып отыр.

— Ендігі сөз бізде. Міне, мынаған қара, осыны орындасақ биыл тамаша болар еді-ау.

— Орындаймыз. Менің есебім солай!— деп қабырға газеттегі сөздерді оқыған соң механизаторлар бірінен соң бірі екілене түсті. Ал, ілулі тұрған екінші қабырға газетте мынадай сөздер бар еді: «1973 жылғы августа біз әр гектардан 20 центнерден астық алу бара-келе, Қазақстан үшін нормаға айналуы мүмкін деп айтқанымызды еске салғым келеді. Бұл үшін күресу қажет». Бұл да жоғарыда айтылған Л. И. Брежнев жолдастың Қазақстан партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінен еді.

— Есебің дұрыс шықса жарады,— дейді екінші механизатор.

— Дұрыс шығады. Леонид Ильич Брежнев жолдастың нұсқауын біздің бригада совхозда бірінші болып орындайды,— дейді тағы бірі.

— Мына жаңбыр болмағанда.

— Жаңбыр басылды. Әлі де гектарынан 20 центнерді еркін аламыз.

Диқандар сенімі мықты. Олар өздерінің еңбегіне қарай өнбек күтеді. Осы мол өнім жолында қыс бойы қарлы алаптарды тілгіледі, көң төкті, көктемде барлық агротехникалық шараларды барынша мүлтіксіз атқарды. Бүгінгі диқанға қандай талап қойылса, соның бәрін орындауға тырысып, озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерінің тағылымын терең түсінгендікпен көңілге тоқыған. Сол еңбегі зейнет болып жанып еді. Енді жаңбырдың әлегі алынған жоспарына түзетулер енгізер сірә. Ал диқан жеріне, техникасы мен денсаулығына сенеді. «Әр гектардан 20 центнер!» деген ұран бұлардың күн тәртібінде сеніммен тұр.

Шаяхмет үйге келгенде сағат тілі түнгі бірді көрсетіп, тұрған еді. Ұлпа асын әзірлеп, тосып отыр екен.

— Тездет. Тамақтанып алайын да, ептеп мызғымаса

болмас. Мені сағат үш кезінде оятарсың,— деп ол беті-қолын жуа бастады.

— Комбайнға барасың ба?

— Жігіттерді ауыстырмасақ болмайды. Комбайнды тоқтатпау керек. Қазақстан миллиардын береміз деп жатырмыз ғой.

— Қабақтарың бір түсіп, бір күліп жүріп өздерің кереметсіңдер.

— Енді диқан болған соң солай дағы. Кейде жаңбырды тілеп жауғыза алмаймыз, ал кейде одан құтыла алмай әлекпіз. Арпалысқан дүние емес пе? Осының өзі қызық. Кеше жас механизаторлар бір кезде біздің масақ тергенімізге тіпті нанбайды. Бір-бірлеп тердіңіздер ме дейді. Бір масақ теріп не өндірдіңіздер деп бастарын шайқайды. Түк қиындық көрмеген балалар емес пе, оған мәз боп күледі.

— Олар қайдан білсін. Көрмегесін, айтпағасын.

— Көрмей-ақ қойсын. Он бес жасымыздан табанымыз тілініп, өгізбен соқа соңында қаңырығымыз түтеп жүрдік-ау. Ол күндер бізбен кетсін.

— Соғыс жылдары емес пе.

— Иә, соғыс жылдары өгізден ауысып тракторға мінген екенмін. Содан бері отыз төрт жыл. Бір ғұмыр сияқты жылдарды санап тұрсаң.

Екеуі дастарқан басында шүйіркелесе әңгіме сабақтап, қаймақ қатқан қою шайды ала беріп еді, терезе тықылдатты.

— Нұрмашкенің комбайны сынып қалды,— деді арғы жақтан хабаршы.

— Не болды?

— Ремені үзілді.

— Десте дымқыл ғой. Нагрузка күшті. Жарайды, қазір барайын. Әуелі осынан іздейік,— деп Шаяхмет қозғалақтай бастады.

— Шайыңды ішіп алсаңшы. Басқалары бар емес пе.

Соларға неге тапсырып кетпейсің. Бәріне өзің жүгіріп, қай жағына жетесің,— дейді әйелі аянышты жүзбен.

— Басқалар да бар. Бірақ бригадаға жауапты бригадир ғой, Ұлпа. Сол комбайн таң атқанша тұрып қалса ертең алдымен менен сұрамай ма. Мынадай қысталаңда комбайнды тоқтату қиянат қой. Жай емес, жүгіріп жетпесе болмайды. Жаңбырда жастықты жұмсақ төсеп жатқамыз жоқ па? Жетер сол да,— деп жүре сөйлеп тез киінді де, сыртта тұрған машинаға асыға жөнелді. Қашаннан сүйегі жеңіл. Шаруа десе өзін қоярға жер таппайды. Дәйім осы елгезектігімен ел жүрегінен орын табады. Басқаларға үлгі болады. Әйтеуір механизаторлар қауымы Шаяхметтің қасында болғанын ұнатып тұратын бір әдеті бар. Күн-түн демеяді, осылай «ағалап» жетіп келетіндері жарасып жататындай еді. Бригадирдің өз жүрегі де соны қалайтын сияқты, жұмсақ жымияды да тұрады. Жалықпайтын, жасымайтын бір жан. Әсіресе, осындай қауырт күндерде сілкінгендей сергіп, ширап алады. Түн қатады да жүреді. Диқан ортасы бұрынғыдан бетер екпіндеген құлшыныспен қайраттанып, күн өткен сайын үдеген сенімді серпін таныта бастады. Комбайндар түнді таңға ұластырып, тоқтаусыз жүрді. «Күніне — екі норма!» Осындай ұран әрбір агрегаттың маңдайына ілінген. Қарқын бірте-бірте қызған сайын орақ ерлерінің есімдері де аталып, жүйріктер суырылып, үздік көріне бастады. Бәрінен жеке-дара озық шыққан комбайншы Нұрмашке Бостанов болатын. Ол өзінің «Нивасымен» бөлімшеде бірінші болып 9 мың центнер астық бастырды. Ендігі нысанасы — 10 мың центнер. Сансызбай Тасболатов, Смағұл Қаратаев, Ағыбай Самұратов, Бақытжан Шоқаев сынды комбайншылар да өз көрсеткіштерін 9 мың центнер межесіне енді-енді іліктіргелі тұрған болатын. Олар да он мыңды мақсат еткен жігер үстінде.

Даланың күні мен түнінде еңбек қимылы толастар емес. Ауыл белсенділерінің бәрі де диқанның осынау орасан ерлігіне демеу-дем беріп, ізгі ниетпен астықты ал-

қап басынан табылып жүр. Бөлімше басқарушысы Б. Мұстафин біресе комбайнға, біресе қырманға шапқылап, тынымсыз жортады. Агроном Ырысбай, бригадир Шаяхмет күні-түні комбайншылар қасында. Кей-кейде білекті сыбанып жіберіп, комбайндардың біріне өздері отырады да, жігіттерді тынықтырып алады.

— Темірді қызу үстінде соғу керек. Бұл майдан емес пе?! Қызығына қарап тұру келіспес, көне маған бер. Өзің екі сағат тынық, бар!— деп бригадир комбайншыларын талай ауыстырды.

Ал орақтың етек-жеңі жинала бастаған соңғы кезеңінде диқандар жеңіс сағатының жақындағанын сезіп, екпінді тіпті үдетіп жіберді. Осындай күндердің бірінде «Қазақстан Отан қоймасына бір миллиард пұттан аса астық тапсырды!» деген қуанышты хабар нұрлы шапағатымен бүкіл өңірді жарқыратып жібергендей болды. Жеңіс жалауы жоғарыда желбіреді. Иә, бұл астық үшін шын мәніндегі орасан шайқаста қол жеткен табыс болатын. Осы жолда қаншама күш-жігер, қайрат-қажыр жұмсалды десеңізші. Оның мөлшерін өлшеу қиын. Оны диқанның маңдай тері, жүрек жалыны деген бір-ақ сөзге сыйғызсаңыз, сонда сіз бәлкім бүгінгі диқанның заңғар тұлғасын көз алдыңызға елестетер едіңіз.

Диқан — еңбек адамы. Ол мақтан етіп, кеуде керіп көтерілуді әсте ұнатпайды. Оның ең үлкен мақтанышы — жұмысының жақсы біткені. Сонда ғана көңілді үн қатады. Ойымызға ортаймас арқау болып отырған Шәкеңнің бар мінезі солай. Жұрт жеңіс жалауын көтеріп, дуылдасып жатқанда миығынан ғана күліп, жанары тереңде тұнған қуаныш нұрын ұшқындатып тұрады. «Біздің облыстың игерудің тарихында тұңғыш рет әр гектардан 18 центнерден өнім жинап, мемлекетке 121 миллион пұт астық тапсырды» деген хабар да ілезде облыс өңірін шарлап кеткен еді.

Ертеңіне Шаяхмет Жолаушин мен Балтабек Мұстафинді облыс орталығына шақырып алып кетті. Облыс диқан-

дарын КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас зор жеңісімен құттықтапты. Осы оқиғаға арналған салтанатты митингіге астық үшін күрестің алғы шебінде болғандарды жинап жатыр екен. Шаяхметтер соған қатыспақ. Оның бригадасы әр гектардан 22,4 центнерден өнім жинады. Бұл көрсеткіш қандай жеңістің де айшықты айдары болардай көтеріңкі еді.

1977 жыл. Онышы бесжылдықтың екінші белесі. Бұл белестің басталуы сәтті болды. Көктемгі дала жұмыстары барлық жерде ұйымшылдықпен өтті. Қыста егістік жерге дерліктей қар тоқтатылып, ылғал жинау жұмысы жақсы өтіп еді. Міне, оның үстіне тұқым себу майдың екінші жартысында аяқталысымен бірнеше дүркін жаңбыр жауып, топырақ шөлін әбден қандырды. Қырат-қырқа көк өркенмен дүркіреп, қалы кілемдей құлпырып сала бергенде, егінді алқапта көз жауын тартып, көңіліңе сол өскіндей қуаныш құяды. Теп-тегіс, жап-жасыл өңірлер текшеленіп, көк жиекпен ұштасады. Желкілдеп көтерілген жас өскін желмен тербелгенде жібектей есіледі-ау.

Жалғыз Шаяхмет емес, диқан қауымының көңілі көтеріңкі еді. Ал, облысқа әйгілі бригадирдің қуанышы ерекше екені анық. Оныншы бесжылдықтың бірінші жылының қорытындысы бойынша Шаяхмет Жолаушин еңбектегі аса үздік көрсеткіштері үшін Ленин орденімен наградталды. Бұл мерей өсірер үлкен мәртебе.

Диқан қауымы қауырт қимылмен межелі мезгілінде жер қойнына алтын дәнді сіңіріп те үлгерді. Жаз жарқырап, июнь айының алғашқы жұлдызында-ақ күн аптабы күшейе түсті. Аспан шайдай ашық. Көк нілі мөлдіреп, тұп-тұнық болып тамылжыды да тұрды. Қыстан ылғалы мөлаһайып жатқан қара мақпал топырақтың беткі қабаты үздіксіз құйылған күн қызуынан бусанып, ыстық демі парланып жатты.

Сонау өткен жылдардың жүдеу көріністері көңілінен әлі кете қоймаған көне көз қарттар жағы қазіргі диқан-



Көктемгі егіске әзірлік жайлы әңгіме. Оңнан солға қарай: бригадир Ш. Жолаушин, агроном Р. Жүсіпов, бөлімше басқарушысы Б. Мұстафин, механизаторлар: Ж. Төлебаев пен Қ. Мусин.

дардың қайратына үнемі қайран қалумен болады. «Неткен техника, неткен қарқын, неткен қажымас құрыштар десіп бас шайқасып, жырдай етіп әңгіме шертетіндері де бар. Сонда олар Шаяхмет бастаған диқандар қатарын «тың түлектері ғой» деп абырой көріп, ардақтап отырады.

Қаулап көтерілген қалың егін ырыс байлығын паш еткендей.

- Былтырғыдан әлемет.
- Бітіктігін айтсаң ше?
- Мұның сыры неде екенін білесің бе?
- Әрине.
- Айтшы қане?
- Бабына келтіріп ылғалдандырудан.

— Жер жарықтық егіншінің еңбегіне иіп береді ғой.

— Қамбаға құт болып құйылсын,— десіп жұрт ақ тілеулер арнады. Көз қадалса, көңіл қуанардай байлық берекесі жайқалған еді. Егін көгі көтерілген соң, арнаулы комиссия құрылып түгел көрді де, қорытындысын айтты. Бүкіл танаптардың 83 процентіне Сапа белгісі берілді. Бұл — мол өнімнің негізін берік қалағандығы еді.

— Кемінде гектарынан 20, 25 центнерден өнім жиналады!— деп түйді тәжірибелі диқандар мен мамандар.

Мұндайда диқан дамылсыз. Ол қашанғы беймазалықпен егін қамын ойлайды. Бөлімше басқарушысы Балтабек, агроном Ырысбай мен бригадир Шаяхмет үшеуі қазір кезек-кезек шапқылаумен жүр. Таңның атысы мен күннің батысы егін жайда болады, көрген-білгендерін айтып кеңеседі. Соңғы күндері сол алқаптар диқан алдына шешуші сұрақтар қойып отыр. Міне июньнің ортасынан ауып барады, тұқым себу аяқталғаннан бері, жаңбыр бір тамбай тұр. Алғашқы кезде ертеден кешке дейін, әр тұстан андыздаған бұлттар түйдектеліп келіп, сәл жел тұрады да, ыдырап жөнеледі. Ал, қазір аспаннан үміт күттіретін ондай алданыш та жоқ. Аспан айналып жерге түскендей аптап қуырып барады. Мұның ақыры не болады? Кеш салынған егін ғылыми тұжырым мен байырғы тәжірибеге қарағанда, жаңбыр болмаса ұзағанда, бір аптаға ғана шыдайды екен.

— Не істеу керек?

Осындай сауалдармен бас қатырып, бөлімше кеңсесінде отырған олар кеңесе бастады. Көңілдері тым абыржулы.

— Мұндай керемет сонау алпыс екі, алпыс үшінші жылдың ішінде болды-ау деймін,— деді Балтабек.

— Иә, онда жүздеген гектар егінді есептен шығарып, мал жайлымына айналдырдық емес пе?— деп Ырысбай да қостады.

— Онда егін ә дегенде көтерілмей тырбиып, күйіп

қалды ғой. Ал, қазіргі егін қар суымен көтеріліп тұрған жоқ па?— деп Шахмет үмітін үзбеді.

Телефон шылдыр ете түсті. Трубканы Балтабек алды.

— Тыңдап тұрмын. Жағдай ма? Жағдайды не деуге болады? Жаңбыр жіберіңіздер. Сонда жақсарады. Әзірге егін сыр бере қойған жоқ. Ыстыққа төтеп беріп тұр. Ыстығың да басылар емес,— деп жауап беріп жатыр. Сірә аудан орталығындағы басшылардың бірі болса керек. Сөз ыңғайы солай. Бар жағдайды тәптештеп сұрап жатыр. Телефон трубкасын орнына қойды да, бөлімше басқарушысы жолдастарына бұрылды. Ауданнан, Базарбаев қой. Жаңбыр көріне ме деп сұрайды. Облыспен сөйлесіпті. Гидрометбюроның болжамы оңды емес. Әлі үш-төрт күн ыстық болатын түрі бар дейді. Мынау қызық болды-ау. Үш-төрт күнге шыдай аламыз ба? Жүріңдерші, егінді тағы бір көріп келейік.

— Барайық.

— Кеңседе отырып көңіл көншімейді.

Үшеуі де шықты. Балтабектің ақсұр «Москвичі» тұр еді. Соған мінді. Машина орнынан қозғалып, егінді алқақарай тартты.

Күн шыжып тұр. Машина іші қапырық. Темірлері қол тигізбейді. Балтабек терезелерін сырып, самалдатты. Соның өзінде саңылаулардан соққан леп бет шарпиды.

— Күйіп тұр.

— Қайтеді мынау,— десіп таңдайларын қаққан олар «Москвичтің» ішінде ақырын шайқалып, даланың жіңішке қара жолымен егіннің ортасына қарай зырлап барады. Қаншама ыстық болғанмен, жаз ажары әлі де жүдеу тарта қоймаған. Орман жап-жасыл. Жапырағы балбырап жалтырай түседі. Тамыры терең болған соң ана-мына құрғақшылыққа жуыр маңда сыр бере қоймайды ғой. Қайыңды ормандарға қарап, бұл тұста тамшы жаңбыр болған жоқ деп айта алмайсыз. Егінді даланың үсті де көк жойқын. Желмен ойнап, күлтеленіп көл-көсір көсіледі. Тек мал тұяғы тиген жайылымды жер қоңыр жонданып

қалыпты. Көдесі сарғыш тартып, шөгіп бара жатқаны байқалады. Ояң тұстар сағым селімен тасқындап жатыр. Әзірше орман да, егін де аптапқа бой алдырмай тұрған тәрізді. Жасыл бояуы сұйыла қоймаған.

- Кеше қырық бір градус екен.
- Бүгін отыз тоғыз градус болыпты.
- Осылай төмендесе жарар еді.

— Біздің жердің табиғаты да қызық қой. Қыста қырық градус суық, жазда қырық градус ыстық. Осындай қиындықтармен күресіп жүріп, жоғары өнім алатын біздің диқандар айтса-айтқандай дала дүлдүлдері емес пе?!— деп Балтабек достарына қарады. Екеуіңе айтып отырмын дегендей езу тартты. Бұл үшеуі бір-біріне қалтқысыз сенімнің адамдары болатын. Ағайын-туыстығы тұтасып жатқан осы ауылдың төл түлектері. Жастары да шамалас. Диқандық жолына түскендеріне де отыз жылдың арғы-бергі жағы. Ырысбай Отан соғысына қатысқан ардагер. Балтабек екеуі орта білімді агроном. Шаяхмет болса, бес аспап механизатор. Жылдың қай мезгілінде болсын үшеуін егіншілік кәсібі табыстырып, осылай ұзақ жол шыңдап келеді. Үшеуі де коммунист. Мақсаттары — алғы шеп деп ұмтылған майталмандар. Қашанда сөзі мен ісі үйлесіп отыратын жандар.

Машина екпіндеп барып, жол жиегіне тоқтай қалды. Мынадай құрғақшылықта жер кенезесі кеуіп, шаң көтеріліп кететін әдет емес пе. Соңдарында шұбатылған будақ-будақ шаң доңғалақтың астына дейін бұрқырап кеп, қолқаны қабатынын білетін бұлар, есік ашпай іркіліп қалды. Тек шаң сейілгенде барып шықты.

Тізеден асып көтеріліп қалған егіннің жәйін қасына келіп, көргенде ғана айырады екенсің. Жер әбден кеберіп, жарылып-жарылып кетіпті. Көктемде қара бұйраланып жататын топырақ, судан шөліккеп сұрғылт тартқан сияқты. Қолыңа алсаң сусып үгіле жөнеледі. Байқап көріп еді, бергі жеті-сегіз сантиметр қабат мүлде құрғап қалған екен. Балтабек бір тал сабақты жұлып алып, түтеленген

тамырына дейін сығалап қарады. Балағына ептеп қана сарғылт сызық түсіп, сабағы қатқылданаын деп тұр екен, дәл ұшар басындағы үшкіл ұштығы кей жерде қияқтанып семіңкірепті. Тамырдың терең түптілігінде тірлік белгісі болар дымқыл сыз барлығы білінді. Соны бармағымен басып уқалаған Балтабек пен Ырысбай жүресінен отырған қалпынан әрең түзеліп көтерілді.

— Әлі үш-төрт күнге төтеп берер түрі бар,— дейді бөлімше басқарушысы.

— Бұл жерге тұқым 18 майда себілген,— деді агроном.

— Ал 15 майда себілген жерді көрейікші.

— Ол да осындай. Мен мана бір келіп кетіп көргенмін,— деді Ырысбай.

— Соңғы себілген учаскелер ше?

— Олар шыдайды ғой. Менің есебімше біздің егін әлі бір аптаға шыдайды,— деді агроном.— Тек бір аптадан кейін жаңбыр болсын деңіз.

— Сын үстінде тұрмыз-ау.

— Сыннан өтіп келеміз, Балтеке.

— Тым ерте айтып отырған жоқсың ба?— деді Шаяхмет.

— Ерте емес. Табиғаттың бұл сынына біз шыдаймыз. Қазір бұрынғыдай емес, құдайға шүкір тәжірибе бар. Біздің осы егіншілігіміз ғылыми негізделген нәрсе. Ана жылы дәл осы июньнің ортасында бүкіл егін күйіп кетті емес пе? Сондағы кез есіңде ме?

— Неге ұмытайын. Өзі баптап, күтіп жүрген егіннің үстіне бір күнде крест қойып, есептен шығарып тастау кімге болсын оңай тимейді-ау.

— Ал, биылғы ыстық бар ғой, одан да күшті.

— Онда сөз жоқ. Күшті болып тұр.

— Тек біз енді аптаппен де айқасуды үйреніп келеміз.

— Әйтеуір алдымыздан жылда бір құқайы шығады. Былтыр жаңбырдан құтыла алмап едік, биыл жаңбырға зәру болдық.

— Біздің жердің табиғаты қызық қой.

Үшеуі тағы біраз ілгерілеп барып, егінді әр тұсынан байқап, көріп бар жағдайымен танысты. Бәрінде де бір көрініс: қуаңшылық әлі тапа бас салмаса да, тісін басып, қияқтай қырқып түсіруге таяп тұр екен. Айнала шөлден тынысы тарылып, сытырлап кеуіп, құрап барады. «Саған сын, шамаң жете ме» дегендей аспан төріне көтерілген күн төбені күйдіре түсті.

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР

Кешке совхоз орталығына кеңеске шақырылған бөлімше басшылары тағы бір жаңалықпен оралды. Бұл жолы да Балтабек, Ырысбай, Шаяхметпен бірге партия ұйымының секретары ретінде Қалқаман Қазбеков те қатысты. Ставрополь өлкесіндегі Ипатов ауданының диқандары егін жинаудың жаңа әдісін қолданыпты. Өте тиімді көрінеді. Сол әдіс біздің облысқа да тарамақ. Совхоз парткомының кеңейтілген мәжілісінде осы туралы сөз болды. Озат тәжірибені үйреніп-қолдану, оны өрістетіп пайдалана білу қажет деп ұйғарылды. Ендігі мәселе егін жинаудың тасымал комплексін, звеноларын құру жөнінде болатын. Ол үшін алдымен бүкіл мүмкіндіктер мен резервтерді есептеп алып іске кірісу керек.

— Шаяхмет, сен парткомда комплекс бастығы болып бекітілдің. Енді Ырысбай екеуің іске кірісіңдер,— деді бөлімше басқарушысы бұларға шұғыл тапсырма беріп.

Екеуі Шаяхмет үйінің төргі бөлмесіндегі биік столдың басында отыр. Алдарында жайылған қағаз. Қойын дәптерлерінің әр беті цифрларға толы. Соларға үңіліп, бірдеңелерді сұрыптап, шотқа қағып, ара-арасында бірімен бірі сөйлесіп, бас изесіп, ақылдасып қояды.

— Бұл жаңалығың көкейге қонып тұр. Егін жинауға коллектив болып жұмыламыз. Яғни былайша айтқанда «бірің — бәрің үшін, бәрің — бірің үшін!» деген біздің

қоғамның ұлы қағидасын іске асырамыз,— деді Ырысбай жаңалықтың арғы сырын толғай түсіп.

— Жыл сайын бір жаңалық деп жігіттер былтырғы бастама сияқты күліп жүрмесе,— деп Шаяхмет көкейдегі күдігін айтып еді, Ырысбай мына жаңалықты құлай жақтаған қалыппен іліп әкетті.

— Жаңалықтың аты ізденіс емес пе. Қазір ізденбесе, бірдемені түртініп тауып алмаса, істің ыңғайы келе бермейтінін көріп жүрсің ғой.

— Ол рас.

— Ендеше мына әдістің тиімділігі де рас. Менің ойымша біз былтыр егінді 160 сағатта жинап аламыз деп жақсы ұран тастап, ертелеу асыққан сияқтымыз.

— Былтырғы бастаманы жаңбырдан кейін еске алу да ұят сияқты.

— Несі ұят. Ол дұрыс бастама. Тек оның уақыты әлі жете қойған жоқ. Міне, енді тууы мүмкін. Мына ипатовтық әдісті қолданумен сағатпен жұмыс істеуге негіз жасалады. Қарада тұр, бірер жыл ішінде біз өктемгі егісті бәлен сағатта, егін жинауды түген уақытта өткіземіз деп бастама көтереміз.— Оған сен,— деп Ырысбай жаңалық әкелер игілікті еліктіре әңгімелеп, жандыра түседі.

— Оныға келісемін. Коллектив болып ұмтылған жерден бәрін де күтуге болады. Біз алдымен берік қалыптасқан бригада коллективін құруымыз керек,— дейді Шаяхмет те көптен толғатып жүрген келелі ойдың тиегін ағытып. Бұған жолдасы да елең етті.

— Шәке, бізде коллектив бар, бригада жақсы.

— Онда дауым жоқ. Әлі де...

— Әрине, әлі де болса ысылдыра түсу керек шығар.

— Жасақтай түсу жөн. Механизаторлар құрамын, техника жайын саралап, анықтап алайықшы. Кәне, қағаздарыңызды көрейік, не сөйлер екен,— деп Ырысбай қолына қалам алып, алдымен бригададағы техниканы тізіп шықты: жеті «Кировец», он бес «Қазақстан», он үш «Беларусь» тракторы және он жеті комбайн бар. Ал егіншілікте

еңбек ететін механизаторлар саны — 56. Олардың қырықтан астамы бірінші және екінші класты. Бөлімшеде барлығы 4560 га. дәнді дақылдар себілетін жер бар. Оның 3420 гектары бидай, 800 гектары сұлы, 340 гектары арпа. Бұлардың сыртында 676 га. біржылдық, 796 га. көпжылдық шөп өсіретін алқап бар. Әр комбайнға орта есеппен 225 гектардай егін жинауға тура келеді. Егер бөлімше басшылары комбайнның тәулігіне 20—22 сағаттық тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етсе, барлық дәнді дақылдарды 160 сағаттың айналысында жинап алу мәселесі шешілер еді. Ол үшін комбайндардың екі сменамен жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Яғни, бір сөзбен айтқанда, бәрі де адам күшінің құрамына тіреліп отыр. Жаңа Шаяхмет айтқан ой бөлімше басқарушысын да, агрономды да көп толғандырып жүр еді.

— Биыл тағы алты механизаторға бірінші класс берілді ғой,— деп Ырысбай жазуға ыңғайланды.

— Иә, алты жігіт бірінші класс алды. Жазып қой. Олар Тоқжігіт Сәбитов, Нияз Жоламанов, Қайролла Күрсарин, Бақытжан Шоқаев, Мүсәйіп Мәмбаев, Бәкібай Көбенев. Шәкең осылайша ойлана түсіп, санап шықты. Бригададағы жағдайды түгел шолып, бүге-шігесіне дейін саралап талдап отыр.

— Құрылған звенолардың күш-қуаты моральдық-материалдық жағынан да тепе-тең болу керек. Ала-құлалыққа жол берілсе, онда ырың-жырың болып бір-бірімен жарыса алмайды.

— Оның дұрыс, әлі бетке ұстар озаттар бірыңғай кетіп қойып жүрмесін.

— Барлық жағын да өлшеп-пішпей болмайды. Тіпті психологиясын да зерттеп, өзара үйлесе алмайтындарды қатар қоймау керек,— деді агроном шаруашылықты жүргізудің қыр-сырын жан-жақты есептеп, үйлестіріп отыруға тырысып. Өлгі сөзі де ұсақ-түйек емес екенін аңғартқандай бригадирге қарап еді ол да қостады:

— Әрине, жайшылықта бірімен-бірінің тарысы піспей

жүретін адамдарды майданда бір шепке қатар қоюға болмайтын шығар. Одан ұтылмасақ ұтпаймыз. Мәселен,..— деп ол бір жігіттің атын атады да, ондай жалқауларды сондай екіншісінің қасына жолатпау керектігін ескертті.

— Бұл үлкен тәрбие мектебі. Адамдар біріне-бірі қатты әсер етеді. Еңбекті сүюге, адалдыққа, жолдастыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелейді,— деп Ырысбай ипатовтыңтардың құнды бастамасын құлшына әңгімеледі.

— Шәке, осы біз орденді механизаторларды бір есепке түйіп қояйық. Ол да бір көрсеткіш емес пе. Звеноға бөлінгенде оны да санап жүруі мүмкін.

— Жаза бер онда. Бостанов Нұрмашкеде Еңбек Қызыл Ту ордені, Жүсіпов Қайырбекте Еңбек Қызыл Ту. Төлебаев Тоғайда «Құрмет Белгісі»...— Шаяхмет ақырын ыңылдап ойланып отырады да, қалғанын осы ауылдағы барлық механизаторлардың көрсеткіштері былтыр қанша болғанын, биылғы нысанасы қандай екенін тәптештеп берді. Екеуі осылай біраз деректерді екшеп отырып, егін жинау-тасымал комплексінің, ондағы звенолардың нобайын шамалап қойды. Бригада мүшелерінің әрқайсысын жеке-жеке саралап, салалап тиімді еңбек ететін өз орнына қоюға тырысты. Әжептәуір шаруа бітіп, алдағы егін орағына тың күш, тиімді әдіспен аттанатын жайларды ойластырды. Екеуінің де көңілі соған тоқайып отыр. Орындарынан тұрып, терезеге бұрылып қарағанда іңір үйіріліп қалған еді.

— Күнде ортасында жүрген соң білмейді екенсің. Біздің бригаданың өзі әжептәуір ғой. Жігіттеріміз сайдың тасындай. Шетінен шебер механизаторлар.— Ырысбай стол үстіндегі қағаздарын жинап, бұрын өзі мән бере қоймайтын деректердің сырына енді ғана үңіліп, оның қуатқадірін танығандай сүйсінеді.

— Осал емес,— Шаяхмет күлді. Өз механизаторларына айтылған мақтауды ол да ұнатады.— Осал болып,

олқы соқса жыл сайын жоғары өнімге жетеміз бе. Бәрі осылардың арқасы ғой.

— Біздің жігіттер жарайды-ақ. Осы сәтте бұларға:

— Қымыз ішіңдер,— деп Ұлпа екі үлкен сырлы шарамен салқын қымыз ұсынды. Екеуінің біраз әуреленгеніне күлді.— Әлі шықпаған егінді шалқытып жинап жатырсыңдар ма?

— Агроном жаңылмайды. Биыл егін бітік болады,— деп Шаяхмет әйелінің әзіліне сенімді жауап берді.

— Ұлпа-ау, бұрынғының қолын құр жайған тақыр шаруасы емеспіз ғой. Біз — техниканы терең меңгерген, даланы еркін игерген диқандармыз. Ертеңгі егін қамын ерте ойламаса болмайды.

— Сенімдеріңе серікпін. Ылайым солай болғай,— деп Ұлпаның да көңілі жай тауып қалғандай болды.

Ырысбай Жүсіпов өмірдің талай белесінен өткен тарлан. Түбіт мұрты тебіндеген кезінен-ақ қолына қару ұстап, Отан соғысының қанды шайқасына аттанды. Халық үмітін ақтады. Одан жараланып оралды, бірақ еңбек панын қалмады. Жер жыртып, егін септі. Диқандық кәсіпті өмірлік мұрат етті. Ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, сол агроном мамандығы бойынша туған ауылы Тауағашта жүріп жатыр. Ауылының намысы үшін ыстыққа күйді, суыққа тоңды. Қажудың орнына қайрат бітті. Аспай-саспай сенімді сөйлеу, орнықты болу оның әдеті.

Күн көзі тағы өртенді. Жердің ерні кебере түсті. Әлі бір тамшы жаңбыр тамбай тұр. Тіпті көл де өз деңгейінен төмендеп кетті. Айнала сағымның ойнағына айналды. Міне, осындай ауа райына байланысты егіншілер арасында алаңдау болды. Агрономға кездескен екінің бірі «Егін не болды? Күйіп кеткен жоқ па?» деп мазалана сұрақ қоюшылар аз емес. Ырысбай ондайларға:

— Егін болады. Оған саспаңыздар,— деп жауап береді.

— Сенікі әншейін агрономның намысы ма, әлде бір сенгенің бар ма? Соныңды айтшы,— дегендерге:



Пішеншілер бригадасынан бір көрініс

— Менің сенгенім сол — бүгінгі диқанның шеберлігі. Біз қыс бойы екі-үш қар тоқтату жұмысын жақсы аяқтадық. Қардың қалыңдығы ағашты қойнауларда бір метрден асып кетті. Органикалық, минералдық тыңайтқыштар өткен жылдарға қарағанда биыл егістікке өте көп сіңірілді, тұқым ең жоғары сапамен себілді. Агротехникалық шаралардың бәрінде мүмкіндігіне қарай толық қолданып, ғылым мен озат тәжірибе жетістіктерін орындап отырмыз. Меніңше біздің егін мына ыстыққа төтеп беруге тиіс. Өйткені, себу мерзімін анықтағанда июнь айында бұл өңірде жиі болатын аптап жан-жақты ескерілген.

— Егер осы бір жердің апшысын күйдірген ыстықтан егінің аман өтсе, онда сенің үдегенің. Нағыз дүлдүл болғаның.

— Мені емес ана диқандарды, Шәкеңдерді солай айтуға болады.

Арада бір күн өткен соң өте қуанышты оқиға болды. Терістік беткейден қара бұлт түйіліп келді де, қалың жаңбыр шелектеп құйды дейсің кеп. Күйіп тұрған жер жарықтық «Уһ» деп күрсінгендей жаңбыр суын жым-жылас

сіміріп жатты. Балалар жалаңаш шалпылдатып сандарын шапалақтап жүгіріседі. Асыранды қаз-үйректер де қанатын сабалап мәз болды. Шалдарға дейін үйдің алдына шығып, нағыз ырыс ақтарылғандай қуана күліседі. Ал, диқан қауымының қуанышында шек жоқ. Жаңбырдан жасқанбай жүгіріп, дабырласып кеңсенің алдына Шаяхметтерді іздеп келіпті. Олардың да көңілдері хош есік алдында тұр еді.

- Аспаннан нұр жауды деген осы емес пе?
- Сүйінші!
- Ырысбайдың көріп келі бар.
- Кеше айтып еді.
- Енді егін қандай ыстық болса да қорықпайды. Ілігіп кетті.

Жүздерін күн қаққан атпал азаматтар мәре-сәре болып, бірін-бірі іштей ұғысатын қимыл-қозғалыспен құтықтасып жатыр. Ду-ду етіседі. Күлкілері кең даланы жаңғыртатындай. Бір мезетте агроном мен бригадирді іліп алып, аспанға тымақтай лақтырып, жаңбырдың астына шылқытып тосты. Нөсер өткен соң жер төсінен жып-жылы леп көтеріліп жатты.

— Егінді енді қараңдаршы?— деді Ырысбай комбайншыларды қасына шақырып алып:— Көрмейсіңдер ме қалай екен? Осы жерден тұқымдық түгіл түйір дән ала алмайсыңдар. Тып-типыл болып күйіп кетеді деушілер де табылған. Күйген жоқ. Шыдады. Шықты егін. Қазір гектарынан қаншадан береді деп ойлайсыңдар?

- Жиырмадан.
- Жиырма бір.
- Осы мөлшерде десті комбайншылар.
- Егін піскен кезде тәжірибе ретінде осы бір маңды бастырып көрейік. Кемінде жиырма бір центнер береді,— деп агроном нық сөйледі. Жүрісі де ширақ. Көңілі көтеріліп, қуаныш қанатында жүрген сияқты. Әрине, оның сезімін де түсіну қиын емес. Мына тұрған диқандар да

қазір агроном қызметіне ден қойып, ерекше ілтифатпен қарайды.

Диқан даққын арттыратын қоңыр күз де келді. Алтын дән алқабына комбайншылардың қатары арта түсті. Агроном мен бригадирде тыным жоқ. Егін шынында да қамыс түптеніп қалың шыққан екен. Орылған тақталардың дестелері кере құшақтанып, жиілеп түскен. Бұған қуанған Тауағаш ауылының диқан азаматтары жігерлене еңбек еткен.

— Қазір үгітшілер мен өнерпаздар келеді. «Алтын орақ» салтанатын өткіземіз,— деп бригадир жігіттеріне бегеліңкіреп тұруының сырын түсіндірді.

— Әне келе жатыр.

Сондайдан күркелі машина көрінді. Соңында екі «Жигули» еріп келеді. Салтанат сәні алдыңғысында болған соң, соңғылары жүрісін ірке түскен. Күркелі машинаны бетке ұстап, құрмет көрсеткен сыңай байқалады.

Олар комбайндардың қасына кеп тоқтағанда, алдыңғысының биік қорабынан бір топ балалардың басы қылтиды. Мойындарына алқызыл галстук тағып, қолдарына гүл шоқтарын ұстапты. Қасында мұғалімдері. Жапырласып түсіп жатыр.

Кешікпей «Алтын орақ» салтанаты басталды. Балалар комбайншыларға гүлдерін тапсырып, пионерлік тілек білдірді. Сосын пионерлер күшімен концерт те берілді.

— Іске сәт!— деді диқандарды құттықтаушылар.

Иә, іске сәт. Шаяхметтің жүрегінде де осындай ақ тілек алаулай түсті. Қаншама еңбекпен өсірілген бітік егіннің сәтті жиналып, қамбаға аман-есен құйылуы кімді болсын мазасыз ой құшағында тербетпей қоймайды.

Сап түзеген комбайндар қанаттасып тұрды да, бір мезгілде орындарынан ақырын қозғала берді. Бұлар коммунист Нұрмашке Бостанов басқаратын егін жинау зеносының жігіттері еді. Агрегаттар бір қалыпты жүріспен іркілмей ілгері тартып, бергі бастан алыстап барады. Тұтасқан моторлар үні ақ бидай алқабын тербей жөнелді.



Ораққа шықты осылай

Оныншы бесжылдықтың екінші орағы осылай өріс алып, екпіні екпіндей түсті...

— Қашанда жаңа нәрсенің бірден өмірге сіңісті болып, кірігіп кетуі қиын. Бұл жолы да солай болар түрі бар. Моральдық кодекстегі еңбек етудің тамаша принциптерінің бірі — бәрі, барлығы — бірі үшін еңбек ету әдісі бригадада қолдау тапқанымен, орақтың алғашқы күні кейбіреулердің күңкілі естілді. Бригада есепшісі коммунист Зұлқарнай Төлебаев көрсеткіш тақтасын толтырғанда звено бойынша цифрларды қондырды.

— Бірінші звено — 100 гектар. екінші звено — 103 гектар, — деп ол күбірлеп жүріп алғашқы бағанды тізіп шыққан соң, келесі кезекте орындалу проценттерін анықтады.

— Комбайншылар неге жазылмаған? — деді қос басындағылардың бірі.

— Бұдан былай звено бойынша жазылады. Бір звено — бір коллектив. Звеноның жинағаны да, табысы да барлық мүшелеріне бөлініп жазылады.

— Сонда қалай? — деді комбайншылардың бірі.

— Бес комбайнға тең бөлінеді.

— Е, мен кеше күні бойы жүрдім, ал қасымдағы комбайн сынып, түске дейін тоқтап тұрды. Сонда менің жиі наған егінім бәрімізге бөлініп жазыла ма?

— Иә, бөлініп жазылады.

— Сонда менің жазығым не?

— Ешқандай жазығың жоқ.

— Бұл қызық екен!

— Оның түкте қызығы жоқ. Алдымен дұрыс түсініп алшы.

— Жарайды, құлағым сенде.

— Егер сенің комбайның да жаңағы жолдасыңдікі сияқты жұмыс үстінде ақауланса, не денсаулығың болмай сырқаттанып қалсаң оның еңбегі де тең бөлінеді.

— Ал олай болмай, кейбіреулер сыныққа сылтау тауып, жұмысқа шықпаса не жалқауланып сылбыр істесе немесе ішімдікке салынса ше?

— Ондайларға әсте жол жоқ.

— Бола қалған жағдайда ше?

— Онда оны тәрбиелеп, қалай да қатарымызға қосамыз. Бұл әдістің ең басты принципі қара бастың қамынан гөрі халық қамын, көпшілік жайын, қоғам пайдасын жоғары қойып, жұмыла іске асыру.

Жаңағы комбайншы Зұлқарнай Төлебаевқа қарап «дұрыс екен» деп басын изеді.

— Оқа емес, түсінсең болды деп есепші күлімсіреді.

Дегенмен бұл әдіс бәрін де мазалады. Қос басындағы комбайншылар елеңдесіп қалды. Осы уақытқа дейін әркім жеке бір жоғары көрсеткішті жұлдыз санап, соған ұмтылып келген жоқ па. Жалғыз озып жарып шығуға талпынды. Міндеттеме қабылдағанда да 10 мың немесе 12 мың центнер астық бастырамыз деп орақта қол жеткізер межесін айқындап алады ғой. Ал, мынадай звено болып үздік көрінудің қиындығы да жоқ емес. Бірінің тізгінін бірі босатпай, бірін-бірі іркіп, тұсалып қалатындай сезінеді.

Бұл әңгіме осымен тәмәмдалған жоқ. Шаяхмет қай агрегатқа барса да осы тұрпатты наразылық салқынын аңғарып жүрді. Сондықтан да әрқайсысымен жеке сөйлесіп, әңгіменің төркінін ашып, күні бұрын пісіріп алып барып, түскі тамақ үстінде шағын сұхбат өткізді. Оның пайдасы туралы тағы түсіндірді.

— Бұған таңданатын түк те жоқ. Мұның аты коллективтік еңбек, өзара нағыз жолдастық көзқарас. Біреуің кейіндеп бара жатсаң, екіншің оны ілгері тартасың. Барлығың да жұмылып, техниканы бір жерге топтастырып жұмыс істеуге әдеттенесіңдер. Оның ешқандай сөкеттігі жоқ,— деп бригадир әр сөзін ежіктеп, айқындап ұғындыруға тырысады.— Мәселен, Нұрмашке, сен озат комбайншысың, сенімді жігітсің. Ал сенің жалғыз оза бергенің жараса ма. Жаныңдағы жолдасың ілесе алмай кейінде қалса, одан тапқан мәртебе не болады. Осыны ойлайықшы. Менің ойымша, өзара көмектесіп, ұйымшылдықпен еңбек ету бірімізбен-бірімізді жақындастыра түседі, еңбек үстінде де ағайын болып жалғасып жатамыз. Ана жаңа үйренген жастарды баулып, бауырыңа тартпасаң бола ма?

— Онысы дұрыс қой,— деп келіседі комбайншылар.

— Дұрыс болса біз енді осы әдіспен жұмыс істейміз!— Бәрі бригадирдің сөзімен келісті.

Жаңа әдістің алғашқы қадамы осылай тосырқаулы қабылданғанмен, игілікті ізі бірден байқалды. Егіні жиналған алқаптардың бірден сабаны сырылып, комбайнның соңынан тракторлар түрен салып жатты. Бір алқапта жұмыстың бірнеше түрі қатар атқарылып, қайнаған еңбек қызуы кімді болсын еліктіргендей, қарышты қарқынмен қанаттандырғандай еді. Бригадирдің басқаруына да оңай, бәрі көз алдында. Тоқтаған трактор яки комбайн болса, сол заматта жанына жетіп барады. Көмегі де қолма-қол. Тындырылған істің сапасы да дәл алдында сайрап жатады.

— Жарайды, тек жетілте түсу керек,— деп бір түйді Шаяхмет осы әдіс туралы ойларын. Әр нәрсені дәйім

сыншылдықпен сан қырынан аударып, салмақтап барып кесімін айтатын ол, бұл жолы да сол әдетке көшті.

Шаяхмет ауданға жиналып жатты. Кеше кешкісін совхоз орталығынан телефонограмма келген-ді. Балтабек бригаданың дала қосында сол шұғыл хабарды Жолаушинге жеткізді. Бригадирді, реттеуші-шебер Қалқаман Қазбековты осы Ленин ауданының орталығы Явленко селосында өтетін семинарға шақырыпты.

— Егін жиналмай жатқанда жиналыс ашқаны несі,— деп механизаторлардың бірі кірбіңденіп еді, Балтабек бұл шұғыл шақырыстың сырын түсіндіріп, түйінін тарқатып берді.

— Қазір қауырт еңбек екені рас. Осыған орай шақыртқан ғой. Оған бола алаңдаудың жөні аз. Сөз сөйлеп, баяндама оқып жатпайды. Негізінен егінді тез жинау жайында не істеу керек екенін үйретеді, көрсетеді,— деп бөлімше басқарушысы бұл сапардың пайдалы боларына сенімді үміт артты.

— Ендеше жөн екен.

— Дұрыс-ақ. Біздің диқан қауымы жаңбыр жаусын, қар жаусын әйтеуір қол қусырып қарап отырмай, бір амалын ойластырады.

— Е, енді қалай дедік. Жаңбыр деп басты салбыра-тып қалуға болмайды.

— Өзіміз де бірдеме ойластырып жатқан жоқпыз ба. Ана тырнауыштарды шығарайық деп қойдық қой.

— Бір амалы табылса,— десіп қос басында тұрған комбайншылар елеңдесіп қалған.

Олар міне, кемелері теңіз айдынында «қайранға» отырып, өздері жағалауда жаяу қалған капитандар сияқты. Амалдары таусылып, жігерлері құм болып тұр. Кейде, табиғат шіркін, тым кінәмшіл емес пе. Былтыр екі аптадан асыра нөсерлеп жауған жаңбырдан соң күн шайдай ашылып, күз бойы жарқырап тұрып еді. Ал биылғы жаз аптабымен қуырғаны бір сәрі, енді сол сағындырып жеткен сары күзде жаңбыр бұлты тағы да жұптаса түсіп тұр. Әу-

елі екі-үш күн құйып өтіп, бірер күн ашылып, жердің ылғалын арылтпай тұрған болатын. Күз кемеріне іліккен соң, тіпті тарылып алды. Бір апта бойы ақ жаңбыр сіркіреп, ала бұлт айналып өтіп орала соғып, мүлде маңып кетпей қойды. Осындай ылғалдың салдарынан егін көк ала тартып, пісіп үлгермей тұр. Уақыт тым кешеуілдеп бара жатқаннан кейін ендігі қалғаны дестеде жатып пісер деп біраз егінді жығып та тастаған. Оның дестеден жинағаны да шамалы. Созалаңдаған жаңбыр комбайндардың адымын аштырмай танаптарға қаңтарып тастағандай болды. Мына соңғы күндері толасы болмай тым ұзақырап кетті. Ауа райын зерттеушілердің хабарына қарағанда күз осылай лайсаңды болып, жаңбырдың ақыры қарға ұласатын түрі бар. Міне, бұл көңіл жұбатар жаңалық емес. Диқан үшін ауыр сын алда тұрғанын тағы бір еске салған қоңырау тәрізді дабыл болатын. Енді механизаторлар күннің ашық кездерін пайдаланып қалудың айла-тәсілдерін тынымсыз іздестіріп жатты. Түрлі ойлар мен ұсыныстар айтылды. Ақыры бұлар тырнауыштар мен дестелерді аударыстыру туралы тоқтамға келген еді. Шаяхметтерді шақырған семинар осы шешімдеріне жақсы қозғау саларына сенімді де.

Көшенің батпағын елең құрлы көрмеген абажадай «Кировец» үйінің алдына келіп тоқтағанда, Шаяхмет те тосып тұрған еді. Қалқаман биіктегі кабинада тракторшының қасында отыр екен. Совхоз орталығы мен бөлімшенің арасындағы жолдың әбден миы шығып, машина атаулы беттей алмай, тракторларға ғана кезек тиген. «Кировецтың» жолға беттегені сол еді, алдынан бөлімше басқарушысы қарсы жолықты да:

— Совхозда сіздерді тосып отыр. Жаңа телефон соқты,— деді Балтабек.

— Енді бөгелмейміз.

— Жолдарың болсын.

— Ал, семинардың ақыл-кеңесін тыңдаумен бірге, шаруашылыққа қажетті жұмыстарды да тындыра келу

керек. Орталықта шеберханаға кіріп, механизаторлардың тапсырмаларын орындағаным да жөн емес пе?

— Иә, сөйт. Біз мұнда дестелерді дегдіту үшін қам жасармыз. Әйтеуір не қылсақ та жинап алатын егін ғой.

— Шып-шырғасын шығармай әлі-ақ жинап аламыз,— деді сеніммен Шаяхмет кабина есігін жапқан соң серіктеріне қарап. Олар бригадирдің сенімді қайратына сүйсінгендей бас изеп, езу тартты. Трактор орнынан баяу қозғалып кетті. Шәкеңе тек бұлар ғана емес, осы «Дружба» совхозының еңбеккерлерінің барлығы да сүйсінеді. Қашан көрсеңіз де совхоз жұмысы үшін осылай жанталасып жүгіріп жүргені. Қысы-жазы бір тыным жоқ. Құрыш қайратынан айнымайды. Қандай қысылшаң болса да қабәқ шытып, кейістік көрсеткен жері жоқ. Жүзі үнемі жылы ұшырап, жанары жұмсақ нұр төгіп тұрады. Қоңыр даусы да көтерілмейді. Бірақ айтқан сөзін түйіндеп, тұжырымдайды. Ішкі сенімі мықты.

— Аға, сіздің сөзіңізге сеніп біз де қобалжымаймыз. Әйтпесе мына жаңбыр жердің миын шығарып жіберді ғой,— деп Қалқаман әңгімеге шақырғандай болды.

— Әй, Қалқаман-ай, уақсыз жауған бұл жаңбыр тыншымды алып, тынысымды талай тарылтты ғой. Өйткені, дөңбекшіп ұйықтай алмадым. Не істесең де сеніммен қолға алмасаң бола ма? Егерде мен қобалжып, тайсақтап тұрсам, мына суда білек сыбанып егінді кім жинайды?

— Оныңыз рас,— деп Қалқаман да келісті. Қалқаман осы совхоздың алдыңғы қатардағы механигі. Өз ісін жақсы меңгерген жастардың бірі. бөлімше партия ұйымының секретары. Ипатовтықтардың әдісін сөз еткеннен бері, техникалық қызмет көрсету звеносының жетекшісі болып отыр.

— Ал, Қалқаман, шындап келгенде осы егінді бәрі-бір жинап аламыз. Жиналмай қалған егін көрдің бе?

— Жоқ.

— Тіпті қар ат тұсарлығынан жауған кездерде де жи-

нап алғанбыз. Міне, егін өсірумен айланысқаныма отыз бес жыл болды.

— Отыз бес жыл болып қалды ма, аға. Түріңізге қарасақ әлі қырықтың маңындағы сияқтысыз,— деп Қалқаман күлді.

— Айналайын, мені жасартып қайтесің. Біз сонау 1942 жылдың аласапыранды кезінде он төрт-он бестегі бала болып тракторға отырдық қой. Әлі есімде мені Надежда селосындағы тракторшылар курсына жібермек болғанда шешем «Бастықтар өз балаларын үйлерінен ұзатпай, осындай жетім-жесірлердің балаларын трактордың соңына салып қояды. Ендігі күнің не болар екен?» деп ағыл-тегіл жылады. Мені бір айдауға жөнелткендей. Әй, қараңғылық-ай десейші. Осы күні баласы тракторшы боламын десе, ата-анасы қандай қуанады.

— Сіз мінбеген трактор жоқ шығар?

— Бір талайын көрдік қой әйтеуір. Ол бір қиыншылық жылдар еді. Айлап ауыл бетін көрмей дала қосында қонып жүрдік. Ана Жәбіжан Жақыпова, Күлзипа Жақыпова, Кәмал Есімсейтовалар тракторшы болып,— дей беріп еді Шаяхмет, рульде отырған балаң жігіт елең етті.

— Күлзипа апам да тракторшы болды ма?

— Иә, болды. «Универсалда» жүрді.

— Кәмал апам да тракторшы болды.

— Қызық екен,— деп балаң жігіт басын шайқап күліп жіберді.

— Шәркесін сүйретіп жүрген кемпірлердің тракторшы болғанына сену қиын.

— Е, олар онда өрік талдың өріміндей жас болатын. Тракторшы болғанда қандай, темір тұлпардың құлағында ойнады. Қазір ше, қазір жасы ұлғайды. қартайды.

— Күлзипа апам тракторшы болғаны,— деп ол тағы таңырқады.

— Байқайсың ба, Қалқаман. Бұл біздің қателігіміз. Жас өспірімдердің осы уақытқа дейін әжелерінің тракторшы

болғанын білмеуі ұят-ақ. Жұмыс деп жүгіріп жүріп, осы жастарға тәрбие беруді, әкелер мен ағалар, әжелер мен апалар дәстүрін үйретуді ұмытып барамыз. Мынау ойланатын нәрсе,— деді Шаяхмет жас көмекшісіне ақыл қосып. «Кировецті» ұршықтай үйіріп отырған жас тракторшының әлгі сұрақтары оны ойландырып тастап еді. Іштей өкініп отыр. «Мына балалардың ешқандай жазығы жоқ, айтпаса бұлар қайдан біледі. Оны ескермей, есімізден шығарған өзіміз. Ал, соғыс жылдарда тылдағы еңбекті, әйелдер мен балалардың еңбегін кім ұмыта алады. Бүгінгі ұрпақты жақсы өнегеге тәрбиелеу үшін ұмытпау керек» деп толғанды ол.

— Дұрыс айтасыз. Кемшілігіміз жоқ емес. Бұл ойланатын шаруа,— деді Қалқаман да қостап.

— Осы мәселе жөнінде мектеп неге көтеріп отырмайды. Балаларға он жылда бір айтып қоймай, жыл сайын ұғындырып отырса ғой. Сонда балалар үлкендерді қадірлеп өсер еді-ау,— деп Шаяхмет тәрбие жұмысына аз-кемден қойып, ықылас аударғандай болып, ойларын әрі сабақтай түсті...

«Кировецтің» кабинасы сондай жайлы. Іші мұнтаздай таза, кең тынысты терезесінен айнала айқын көрінеді. Рульді оңды-солды бұруға өте қолайлы. Шаяхмет те, Қалқаман да жан-жағына бұрыла көз салып, егінді алқаптарды шола қарап қояды. Толассыз жаңбырдан кейін атырап қоңыржай тартқан. Өңі түрленіп, ажары әрлене түсіпті. Масағын көтере алмай, сабағы майысқан қалың егін қорғасындай ауырлап, тұтасып жатыр. Кей тұстары жапырыла бастапты. Енді бір жерлері дауыл үйіріп ұйқытұйқы болып қалыпты. Бригадир осы алтындай тұнған астық жайлы толғанып, мазасызданып келеді. Диқандар үшін уақыт қолайлы, қолайсыз деп қана айырылатын ал болмаса, мынау күн, анау түн деп бөлінбейді. Жер тынысын тыңдайды. Жел қағып, десте дегдісе болды, түн ортасында да ұйқысы шайдай ашылып, комбайнды тебініп, тарта беруге бар. «Шіркін күн ашылса ғой енді, еш нәр-

... бұрылмай, зырлатар едік» деген ой диқан қауымына ортақ еді. Күздің ұзақ жаңбыры осылай ширықтырып еді.

Үлкен доңғалақтары абажадай болып, зырлап айналғанда соңында жентек-жентек саз боратқан ашық сары түсті «Кировец» аңқылдатып, әуелі совхоз орталығына қарай ызғытып барады...

Совхоз орталығынан шыққан комбайндар керуені Тауағаш ауылына қарай екпіндеп келе жатыр. Кілең қызылкүрең «Нивалар» астық жарығының жеңісті шеруін паш етіп, бункерлерінің көз түсер көрнекті жеріне жыпырлатып, жұлдызшаларды қатар тізген. Әрбір жұлдызша мың астық бастамаларының белгісі. Алдыңғы комбайнда он жұлдыз, ал одан кейінгілерінде сегіз-тоғыз жұлдыз белгіленіпті. Дала кемелері қара жолдың шаңын аспанға шығарып, зырлатып келеді. Бұлар екінші бөлімше — Тауағаш ауылындағы егінді түгел жинап болған соң, бірінші бөлімшеге көмекке барған Шаяхметтің жігіттері еді. Комбайн кабинасында отырған диқандардың қазіргі бейнесі жеңіс жалауын желбіреткен қаһармандар сияқты. Күн нұрына тотыққан кең маңдайды, қас-қабақты, құлақ-шекені қалың шаң тұтып, бидайдың қыпық қауызына дейін бетті жуған ащы терге шыланып, жабысып қалыпты. Көңілдері зеңгір көктей кіршіксіз, керілген даладай кең, қам-қайғысыз. Омыраулары алқам-салқам, ет қызуы басылмай, екпіні желдей есіп, ентелейді.

— Егін бітті.

— Орақ аяқталды.

— Болдық, бәрін болдық!— дегендей комбайндардың моторы зілді жүктен босаған соң, бұрынғыдай ышқынып-ықылықтамай-ақ бір ырғақтанып талмай гүжілдейді.

Шаяхметтің айтуынша бұл комбайндар қазір осы бетімен бөлімше кеңсесінің алдында тоқтап, тізілмек. Оны ауыл адамдары жиналып, салтанатты түрде қарсы алып, жеңісімен құттықтамақ. Пионерлер концерт қоймақшы.

Бірнеше күннен бері, ауыл бетін көрмеген комбайн-



Орақтан кейінгі бір сәт

шылар алдарынан шыққан балаларды көріп жылдамдықты іркіп, еріксіз тоқтады.

— Папа!

— Аға!

— Комбайнға мінгізші.

— Комбайнға мінемін!— деп балалар маз-мәйрам болды.

— Үстіңді кірлетемін. Үстіміз шаң. Тоқтай тұр,— десе де болмайды. Әкелерін, ағаларын сағынған балалар кішкентай білектерімен мойындарына жармасып, шаң бұрқыраған құшақтарға көміліп кетеді.

Кеңсе алдында көп адамдар жиналған. Бұлардың ішінде ақсақалды қариялар, сауыншылар, малшылар, мұғалімдер, мектеп оқушылары бар. Барлығының да жүздері қуанышты.

— СССР Жоғарғы Советінің депутаты Шаяхмет Құрманұлы Жолаушин жолдас басқаратын егін жинау тасы-

мал комплексі орақты ойдағыдай аяқтап, ауа райының аса қиын жағдайында дөңді-дақылдардың әр гектарынан 18,2 центнерден өнім алды. Бұл көрсеткіш аудан бойынша ғана емес, облыс көлемінде де жоғары көрсеткіштердің бірі. Комплекс мүшелері диқан ерлігінің үлгісін көрсетті. Жеңістеріңізбен құттықтаймыз. Бұл, міне, Ұлы Октябрьдің торқалы тойына татымды тарту!— деді бөлімше басқарушысы Балтабек Мұстафин салтанатты үнмен шабыттана сөйлеп. Оның өзі де тебіреніп кетіпті. Қызу қол соғылып, құттықтап құрмет көрсетілді. Биылғыдай аптап ыстық соққан, одан кейін жаңбыр төпелеп, аяғы қарға ұласқан қиындығы көп жылы мынадай жоғары өнім алынады деп ешкім күтпеген еді. Осындай еңбек ерлігінің құрметіне тағы да ду қол шапалақтады. Бөлімше басқарушысы әрбір комбайншының есімін атап, көрсеткіштерін көтере айтып, мерейлерін өсіре түсті. Балалар олардың бәріне де өз қолдарымен жасаған ескерткіш-сыйлықтарды тапсырды.

Салтанат аяқталғанда жұрттың жанары Шаяхметке жиі қадала берді. Осы тұрғандар Жолаушінді жақсы біледі. Оның сонау қырқыншы жылдардан бергі үздік еңбегін тізбелеп жатпай, биылғы қажырлы қайратының өзін көз алдынан өткізсе де жеткілікті секілді. Жазғы жан төзгісіз аптапта жарғақ құлағы жастыққа тимей егіс басында жүріп, үлгілі еңбектің ұйтқысы бола білді. Орақ кезінде тыным алып, тыныққан жоқ. Таңы күнге, күні түнге ұласты. Міне, бүгін озаттар биігінен көрінді. Бейнеттің де зейнеті бар деген осы.

— Бағы бар екен өзінің.

— Бағы жүріп тұрғанда күн күйдіріп, қуырып жаңбыр құйып, құбылып тұрса да дегеніне жетті деген осы,— десті жиналғандар.

— Бәрінің түп атасы — еңбек!— деп түйді көпті көрген көне көздер.

Шаяхметті жастар жағы қоршап алған. Ендігі әңгіме жеңіс жырындай естіледі. Мына лебізіне қарағанда жай-

шылықта тұйық жүретін бригадир қалай шешен боп кеткен деп таңданасыз. Қандай сұрақ болсын іркілмей жауап береді.

— Аға, күткен күзің келеді, деп жазда айтып едіңіз. Рас екен,— деді жастардың бірі. Бұл — табиғат қиыншылығына қарамастан, жоғары өнім алған диқан ерлігін мезгегені еді.

— Диқан үшін күздің бәрі де күткен мезгіл. Ол күзін күтпей, күзінен байлық алмай отырмайды. Сол үшін күреседі, еңбек етеді. Бұл оның тәжірибелі диқан жолы емес пе.

...Ертеңіне Шаяхмет Жолаушин тағы да облыс орталығына жүріп кетті. Отан қоймасына мол астық тапсырып, социалистік міндеттемесін асыра орындаған облыс еңбекшілерін КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Леонид Ильич Брежнев жолдас құттықтады. Осы құттықтауға арналған салтанаттың төрінде тағы да маңдайы жарқырап, біздің Шәкең отырды.

1978 жыл. Оныншы бесжылдықтың үшінші жылының көктемі. Осы кезді қуана қарсы алған диқан жүрегінен алып-ұшқан қызылкүрең «Жигулидің» жүрсі үшәуді жана ғана жоңіл ырғақпен тербеп отыр. Откөн өмі шығдың ытқы-суығы алмасқан қысы-жазы мен көктем күсі нәсі өл дарыны өмірдің жаңа ашылған үлкен кеңестері сияқты аударылып түсіп жетті. Үшәуді де үшәуді. Нәсі мен шәсі лейді.

...Осы көктемнің алдында Шаяхмет Жолаушин өзінің сыймай алып отырған қызылкүрең «Жигулидің» жүрсі үшәуді жана ғана жоңіл ырғақпен тербеп отыр.

— Жаныңа қалай болды, Шаяхмет? — деді Кеңес Орталық Комитетінің Президиумының Бас секретары Леонид Ильич Брежнев. Шаяхмет Жолаушин бұл сұраққа: «Өзімді жақсы сезініп отырмын. Бұл менің өзімнің жеке өмірімнің партия мен үкіметке мың рәсіммен бергенімен бірге менің шаттығын тебірене отырып өмір сүріп отырғаныммен бірге Кисловодскіге өттім» деп жауап берді.

...Әйгілі курортта алаңсыз демалып жатқан күндердің бірі еді. Шаяхмет те, Ұлпа да дүниенің осындай рахатына бөлеген Отанның аялы алақанына дән разы. Ғаламат сән-салтанатпен сымбат түзеген тамаша ғимараттардың келісті келбетіне, табиғаттың тамылжыған сұлу бояу-беделіне сұқтана қадалып, сүйсіне үңілгенде туындайтын әңгіме өзегі де партия мен үкіметке деген алғыс сөзімен аяқталады.

— Еңбек жанған заман емес пе, еңбегің жанды,— деп жұбайы талай рет қайталады. Бұл сөзді қайталағанда бәлкім, оның көз алдынан бүгінгі үкімет мүшесі Шаяхметтің сонау соғыс жылдарынан басталған механизаторлық еңбек жолы елестеп өтетін шығар. Ол отыз алты жылдай техника тетігін игеріп келеді. Тынымы, толасы жоқ қарақет. Қауырт науқан кездерінде бірнеше күн қатарынан кірпік ілмей жүретін кездерді айтсаңызшы. Соның бәрінің есесі қайтқандай болып, үкімет мүшелеріне арналған санаторийлерде тынығып жатқандарын сезімтал жүректі Ұлпа мерей-мақтаныш көреді.

Күн әлі түс болған жоқ. Екеуі сейілдеп жүріп, жататын корпұсқа келген еді. Шаяхмет демалыс бөлмесіне беттеді. Жаңа ғана танысып үлгерген серіктерімен сұхбат-әңгіме құрмақ болып еді. Ұлпа сыртта болатын. Арада едәуір уақыт өткен. Бір мезетте тынығушылар кенеттен абыржып, ерсілі-қарсылы жүгірісіп кетті. Біреулер атын білмеген соң Шаяхметті ымдап, қол бұлғап шақырады. Жүздері үрейлі. Ол орнынан атып тұрып, жүгіре жөнелді. Сөйтсе әлсіреп құлап бара жатқан Ұлпаны сүйемелдеп отырғызған. Жұбайының жүзі ақ шүберектей, қан-сөлсіз. Көзі жұмыла беріпті. Еріндері көгере қалған. Дерев дәрігерлер де жүгіріп келді.

— Не болды, Ұлпа?— деп Шаяхмет оның жүзіне үңіліп еді. Жүрегі шаншып кетті. Ұлпаның кірпігі де қимылдамады. Көкірегін басқан қолында шұғыл телеграмманың көк жолақты қағазы. Дәрігерлер жұбайын диванға жатқызып, уколдарын беріп, тамырын ұстап, жүректің әр со-

ғысын үнсіз тыңдап тұрған саябыр сәтте ғана Шаяхмет әлгі қағазды алып оқыды. Сонда оның да көзінен жас моншақтары сорғалай жөнелді. Ауылдағы немере інісі Сүлеймен қайтыс болыпты. Мынау соның хабары. Хат тасушы Ұлпаны далада кездестіріп, қолына ұстата салған екен. Сол тосын қайғы жай оғындай жүректі тіліп түсіп, міне оны да сұлатып салып отыр. Ұлпа осы құлағаннан есін жия алмады. Өмірден үзіліп кетті. Шаяхмет аулына осылай бір күнде қос қайғының соққысына жолығып, демалыстан шырқы бұзылып, шаршап-шалдығып оралып еді.

Содан бері екі айдың жүзі болды. Бүкіл ауылдың қабырғасы қайысып, ардақты азаматтың ауыр қайғысын бірге бөлісті. Мынадай тұтқиыл жағдай адамдардың пиғыл-пейілін анық көрсетеді екен. Шаяхмет соны қалтқысыз ұқты. Тіпті өз бригадасының мүшелері де «Шәке, Шәке» деп бұрынғыдан бетер бәйек болысады. Мұның қабағын аңдып, «еңбектің боз тарланы ортамызда жарқылдап жүрсінші, енді бұған салмақ түсірмеуге тырысайықшы, қайғысы бір басына жетті ғой» дескендей бәрі айтқанын ықыласты тыңдап, тапсырғанын тыңғылықты тындырады. «Шәкең тапсырып еді, орындап тастайыншы» деген сөздер де жиі айтылады. Жігіттерінің сол адал достық пейілі Шаяхметтің жүрегінен қайғы бұлтын да күн өткен сайын ыдыратып келеді. Қазір мына қатарында отырған Ырысбай да қасынан екі елі айрылмайды. Ауыр жүкті бірге қолдасып көтеріскендей лыпылдап жүгіреді. Салмақ түсер-ау деген тұсқа өз иығын тосып жібергені де бар.

— Шәке, енді рульді маған беріңіз. Сіз былай отырып, дем алыңыз,— деді Ырысбай дос көңілдің қалтқысыз қызметін ұсынып, өзін-шыны аралас ашық үнмен айтты. Шәкең сабыр сабасына түсіп:— Жарайды— дей салды. Машинаның жүрісі үдей түсті.

— Жиналыста не айтасың, папа.— дейді баласы.

Әкесі айтар ойларын ширатып толғағандай кей-кейде

тынып қалатын еді. Сол дағдысымен алдына қадалған қалпы біраздан соң барып үн қатты.

— Не болсын. СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс сессиясына қатыстық, Конституцияны қабылдаған тарихи оқиғаның куәсі болдық. Соны айтып беру асыл парызымыз емес пе? Конституцияның берген жақсылығын ұмытуға болмайды. Міне, мына жолда дәл осыдан қырық жыл бұрын әкең Тауағашқа қарай салпақтап жаяу тартушы еді. Өгіз жеккен соқаны айдаушы еді. Ал қазір ше? Машинамен зырлаймыз. Соны айтамын. Әне, Белоглазов та көрінді.— Бәрі қарсы жаққа қарады. Шаңды құйындатып, ақсұр «Волга» ГАЗ-24 бері қарай кесіліп келеді. Бригадир мұны өзінің жеке меншігіне жуырда сатып алған-ды. Қатарласа беріп тоқтай қалды.

— Қонақты қарсы алайын,— деп шыққаным ғой. Шәке қалыңыз қалай, амансыз ба? Ырысбай, денің сау ма?— деп ұзын бойлы, толық денелі Леонид Яковлевич Белоглазов ыстық ықыласпен қол беріп, мәз болып жатты.

— Сәлеметсіз бе, Леонид Яковлевич, егінге дайындалып жатырсыз ба?

— Дайындық жақсы. Аттаныстың алдында кеңесіп алайықшы,— деп шақырғаным ғой.

— Қауырт еңбек алдында ақылдасқан да дұрыс,— дейді Шаяхмет. Бұлар машиналарынан түсіп, көктемнің саф самалын көкірек кере сіміре жұтып тұр.

— Биыл ылғал жетеді ғой.

— Жетеді. Жаздың ортасына дейін осы ылғалмен де шыдаймыз.

— Тым көп емес пе?

— Оныңыз рас. Бірақ, артық болмайтын шығар.

— Тұқым себуді кешеуілдетіп жүрмесе. Мына қалпымен он бесінші майға дейін жердің кебе қоюы қиын.

— Кезінде көрерміз. Ақылдасармыз. Ауыл арасы жақын ғой.

— Келістік соған. Ендеше тұрмайық, кеттік. Олар қайта машиналарына жайғасты.

Екі машина Есіл өзенінің бергі аңғарындағы ояңда ұзыннан-ұзақ көсіліп жатқан Николаевка селосына қарай тартты. Алдында «Жигули» одан кейін «Волга». Расында да сырт қараған көзге осы салтанаттың өзі де бүгінгі диқан өмірінің ажарын айтып бергендей еді.

Бұл екі диқан тыңның төл түлектері. Екеуі де трактор-егіс бригадасының бригадирлері. Бұрын осы Николаевка селосы мен Тауағаш ауылы бір совхоздың бөлімшелері болатын. Соңғы бес-алты жыл ішінде «Дружба» совхозы оңаша отау тігіп, «Николаев» совхозынан бөлініп шықты. Екі бригадирдің көптен қалыптасқан социалистік жарысы үзілген жоқ. Олар енді жарысты аудан көлемінде жалғастырды. Көп көрсеткіштері деңгейлес. Бригадалардың егіс көлемі бірдей болады. Екеуінің де диқан болғанына отыз жылдан асты. Жарыста біріне-бірі дес беріп жүрген жоқ. Алма-кезек озып түседі. 1976 жылы Белоглазовтың бригадасы дәнді-дақылдардың әр гектарынан 28,1 центнерден өнім алып, облыс бойынша жоғары көрсеткішке жетті. Леонид Яковлевич Социалистік Еңбек Ері. Ал Шаяхмет Жолаушиннің бригадасында әр гектардан 22,4 центнерден өнім алынып, бригадир Ленин орденімен наградталғаны белгілі. Былтыр ауа райының қиыншылығына қарамастан Белоглазовтың бригадасы әр гектардан 14 центнерден алса, Жолаушиннің көрсеткіші 18,2 центнер болды. Шаяхмет Октябрь Революциясы орденімен наградталды. Биыл міне екеуі тағы да қол алысып, жарыс жайлы әңгімесін жалғастырды.

Машиналар Николаевканың ағаштан қиып салынған клубының алдына кеп тоқтады. Жұрт жиналып, тосып тұр екен. Бәрі жапырлап ішке кіріп жатыр...

Кездесу қызықты өтті. Шаяхмет жарқылдатып, жалындатып сөйлемесе де өзінің қоңыр даусымен салмақты әңгімелеп, екі Конституция аралығындағы ұлы өзгерістерді айтып берді. Өзінің туған ауылы Тауағашта сонау 1936 жылдары қандай күйкі көрініс елестеуші еді.

Қалың ағаштың арасында отырса да шымнан қаланған жеркепе үйлер мыжыраятын. Егіс көлемі 500—600 гектар, одан алынатын өнім гектарына не бары төрт-бес центнерден ғана еді. Бар техника — бір-екі трактор, қалғаны өгіз болатын. Сол кез бен бүгінгі тұрмысты салыстырсаңыз айырмашылығы қаншама. Шаяхмет осылар жайлы айтты. СССР Конституциясының ұлы күшін баяндады.

Леонид Яковлевич кездесу аяқталған соң, Шаяхметті манағы өзі қарсы алған жерге дейін ұзатып салды. Қоштасып, қол алысып тұрып:

— Ал тексеріс қашан? Бір-бірімізге баратын күнді белгілеп алайық,— деді күліп.

— Көктемгі егіске әзірлікті тексереміз ғой?

— Жарысқан соң тексеріс болғаны дұрыс.

— Бәсекенің аты бәсеке деп тарта беруге болмайды. Бір-бірімізден үйренеміз. Кемшілікті түзетеміз. Алдымен қай бригада барады.

— Біз барайық. Міне Ырысбай екеуің бір келіп кеттіңдер ғой. Енді тексеріспен келіңдер.

— Келістік ендеше.

— Тосыңдар. Ертең хабарласамыз,— десті олар. Екі машина екі жаққа қарай зырлап бара жатты.

— Әй, осы біздің ауылдың клубы-ай.

— Дүниенің бәрі жақсарғанда осы клуб, кітапхана, кеңсе оңбай қойды.

— Келетін кісілерден ұят болды-ау.— Бұл кейіп жүргендер көркемөнерпаздар белсенділері еді. Кеңсе алдында тұрған бөлімше басшыларының, әсіресе, депутат Шаяхметтің атына айтылған сын сияқты естіледі.

— Көбіне шыдағанда азына шыдаңдар, әне салынып жатыр ғой. Ол Шаяхметтің еңбегі, депутат ретіндегі қызметінің жемісі,— деп Балтабек жастарға жұбату айтты. Олар өздерінің әлгі сөздеріне кешірім сұрағандай күліп жіберді.

— Шыдаймыз ғой, аға.

— Тек осындайда намыстанасың. Егініміз, малымыз

қандай. Даңқымыз облысқа дүрілдеп тұр. Ал мәдениетті ұмыттық па өзі дейміз дағы.

— Салынып жатыр ғой. Шыдаймыз.

Депутат Шаяхметтің тікелей ықпалымен соңғы кезде ауыл мәдениеті қолға алынып жатқаны рас. Совхоз жаңадан клуб, кітапхана, кеңсе, жаңадан он бес тұрғын үй салып жатыр. Ауыл бейнесі жаңарып-жаңғырып барады. Осы көктемде жұртқа совхоз ағаш көшеттерін тегін беріп, ауылды жасылдандыруға ат салысуда. Осының басықасында Шаяхмет бастаған депутаттар, ауыл белсенділері жүр. Жақын жылдардың ішінде құрылыстар етек-жеңін жинап, әр үйдің алдына отырғызылып жатқан тал-шыбықтар бой тартып көтерілгенде Тауағаш ауылы құлпырып кетуі сөзсіз. Қазірдің өзінде ауыл бейнесінен өскен өркенді тану қиын емес. Әр үйдің төбесінде телевизор антенналары қол созады, әр шаңырақтың ауласында жеке меншіктегі жеңіл машиналар мен мотоциклдер жетеді. Дәулет пен сәулет қатар жарысып, жарасып көз тартады. Қазір осы көшеде кіммен кездессеңіз де, сол сәнді сымбатты сүйсінген сырдың сұхбаты етіп еліге еркіндер еді.

Бүгін бұл ауылға Белоглазов бригадасының диқандары жарыс барысын тексеріске келмек. Жастар жағы концерт-қызықтарын әзірлеп, клубтарын өздерінше жасандырып жатыр. Ал бөлімше басшылары қонақтарды тосып тұр. Совхоз директоры Қайырбай Садуақасов пен партком секретары Анатолий Корабельников те осында. Бәрі де өзгеше мерекелі салтанатқа жиналғандай сәнді киініпті. Көктем самалы желпіген жүздерінде, көздерінде, саңқылдап сөйлеген сөз мәнерлерінде қуаныш лебі еседі. Алтын жұлдызды диқан Белоглазов даңқы республикаға кең тараған, ол 1976 жылы Алматыда болған Қазақстан партия-шаруашылық активінің жиналысында, одан кейін Москвада Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіндегі жиналыста сөйледі. Әр гектарынан 28,1 центнерден астық алған соң, даңқы дүріл-

деп-ақ кетті. Міне, осындай дала дүлдүлімен үзеңгі қағыстырып, тең түсіп жүрген Жолаушин де осал емес. Ол да облыстың бетке ұстар еңбек тарланы «Жарайсың, Жолаушин!» Осындай ойлар ауызбен айтылмаса да тіпті қас-қабақтың қозғалысынан да ұтылғандай еді. Осы арада жүгіріп жүрген балалардың аузында да осы сөз. «Алдыңғы жылы Белоглазов озды!» дейді бірі, ал екіншісі: «Былыр Шаяхмет ағатайым басып озды!» деп көтеріліп қояды. «Ал биыл ше?. Биыл ағатайымдар озады»,— десіп өзара күбірлесіп қояды.

— Келе жатыр!— деді үлкен жолға көз тіккен біреу. Бәрі дүрлігіп қалды. Алда Белоглазов «Волгасы», соңында екі «Жигули» ауылдың көшесіне кіре берді...

Диқандардың кездесуі қашанда шаруадан басталатын әдеті емес пе. Бұлар да сол дағдыдан жаңылған жоқ. Машиналар керуені бригадалардың дала қосына барып тоқтады да, жарысушы бригадалардың өзара тексерісі басталып кетті.

— Шаяхмет Құрманович, былтыр біз егін жинау-тасы-мал комплексін орақта дұрыс пайдалана алмадық. Тек қағаз жүзінде ғана құрдық. Бірақ, жаңалық бірден кірігіп кете алмады. Сіздерде де солай болған шығар?— деп Леонид Яковлевич Жолаушинге қарайды.

— Солай болды, Леонид Яковлевич. Сол кемшілікті биыл түзеп, көктемгі егісте ипатовтықтар әдісін қолданып отырмыз. Енді дұрыс қолданамыз ғой деймін. Сенім зор,— дейді Шаяхмет.

— Сенім болса, өнім де болады ендеше.

— Мынау біздің көктемгі егіс комплексіміз...

— Танысуға болады. Біз де құрдық. Көктемгі дала жұмыстарын жоғары сапада өткіземіз бе деп отырмыз.

Комплекс бастығы Шаяхмет Жолаушин қонақтарға ипатовтық әдісті көктемгі егісте қалай қолданғалы отырғанын айтып берді. Төрт тұқым себу агрегаттары тәулік бойы жұмыс істеп, екі звенодан сеялка алмасып отырады екен. Мәселен, он агрегатта екі звено бір тәулік жұмыс

істесе, екінші тәулікте қалған екеуі алмастырады. Алты «Кировецті» жүргізетін бірінші звеноны коммунист Нұрлан Асайынов басқарады. Оның қарамағында Жаңабай Сағындықов, Бексұлтан Шаймерденов, Ағыбай Самұратов, Қапез Жоламанов, Абай Сағитов жұмыс істейді. Екінші звеноның жетекшісі Жамбыл Некібаев. Оның серіктері — Нияз Жоламанов, Серғали Дауытов, Ерғали Қаратаев, Мүсәйіп Мәлімбаев, Әмірғали Күрсарин сынды сенімді тракторшылар. Төрт «ДТ-75» тракторын жүргізетін үшінші звеноны (немесе осы тракторларды жұмыс істейтін бірінші кезекте) Нұрмашке Бостанов басқарады, онымен бірге Сансызбай Тасболатов, Қайыржан Мусин, Біржан Төлебаевтар жұмыс істейді. Ал, төртінші звеноның («ДТ-75» тракторларындағы екінші кезекте) жетекшісі Смағұл Қаратаев. Оның звеносындағы жігіттер — Тоғай Төлебаев, Төлеген Рспаев, Ерсайын Жолаушин. Бұдан басқа звеноларды да Шаяхмет жіктеп айтып берді. Жер әзірлеу және өңдеу звеносына Бақытжан Шоқаев жетекшілік етеді, оның серіктестері Еркебай Сәбитов, Сарман Мәкішев, Еркелек Қазбеков, Еркін Қасенов, Ырыскелді Атаманов. Техникалық қызмет звеносының мүшелері Қалқаман Қазбеков, Жақсыбай Омаров, Қайролла Күрсарин, Файзолла Мәкішев. Сапаны бақылау және есеп звеносының мүшелері:— Ырысбай Жүсіпов, бригада есепшісі Зұлқарнай Төлебаев, есепшінің көмекшісі Шолпан Дауытбаева, ал мәдени тұрмыстық звеносының мүшелері — аға аспазшы, аудандық Советтің депутаты Зәйбан Қосшығұлова, қатардағы аспазшылар Райке Күрсарина мен Айна Мырзанова, су тасушы Қайырбай Балғожин, кітапханашы Зұлқия Сәдуова, клуб меңгерушісі. Көнебай Малдыбаевтар. Бұлардан басқа да екі жүгерішілер звеносы тағы бар. Олардың құрамында алдын-ала жер өңдеу звеносында тоғыз, тұқым себу звеносында бес адам еңбек етеді.

Комплекс бастығы Шаяхмет Жолаушин қонақтарды барлық звено бойынша таныстырып, әрқайсысының өз

міндетін айқын білетінін, мақсатын мүлтіксіз түсінетінін айтып берді.

— Жақсы екен. Бәрі де өз кадрларыңыз,— деді Белоглазов комплекстің мына сайма-сай болып, сұрыпталып жасақталуына разылық білдіріп. Бейне бір майдан шебіндегі сияқты әркім өз позициясына алдын-ала нық орналастырылған. Қапысыз әзірлік, тағанды тәртіп тиянақталғаны анық еді.

— Бәрі өз кадрларымыз. Осы ауылымыздың түлектері. Биыл ғана оныншы класс бітірген алты жас тракторшылар қатарына қосылды. Көктемде тракторлардың бәрі, ал орақта комбайндар түгел екі сменада жұмыс істейді.

— Бізде де солай.

— Биыл екі қызымыз — Ләзім мен Күлбаршын тракторға отырды. Міне, бұларды құрметпен қатарымызға қабылдадық, екеуіне де су жаңа «Беларусь» бердік.

— Оһо, жарайсыңдар, қыздар. Сендерде болашақ Кәмшат Дөненбаевалар бар екен ғой. Бұл жөнінен бізден астыңдар.

— Иә, Кәмшаттың ізбасарлары. Талпынып тұр,— деп Шаяхмет жас тракторшылардың атына жылы лебіз білдіргенде талдырмаш келген қос құрбы ұялшақтанып ағаларының тасасына тығыла түседі.

Дала қосында техниканы көріп, әңгімелескеннен кейін қонақтар егістікті аралап шықты. Бұл тұста агроном Ырысбай түсініктеме беріп отырды.

— Қыс бойы екі ізбен, кей жерлер үш ізбен қар тоқтатылды. 15 мың тонна органикалық тыңайтқыш тасылды. Жер бабы жақсы, ылғал мол,— деп ол сыдыра жыртылған алашұбар алқапты нұсқап, қолымен қаусырып, бір орап түседі.

— Тұқым жайы қалай?— деп қонақтардың бірі сауал тастап еді, Ырысбай іркілген жоқ. Өзінің жан салып, жарғақ құлағы жастыққа тимей тындырып жүрген ісі емес пе, ағытыла жөнелді.

— Әзірлікті айтасың ба?— деп әуелі сұрап алды да, әр сөзін салмақтағандай саралап, анық айтып әрі жалғастырды.— Тұқым көктемгі егіске толық әзір. Бәрі де ең жақсы дайындалып, сұрыпталған Саратов-29 бен Безенчук-98 сорттары. Біздің жерде осы сорттар өнімді. Ал ауыспалы егіс жүйесіне келсек, бес танапты парлы-дәнді дақылды ауыспалы егіс жүйесін қолданамыз. Негізінен органикалық тыңайтқыштар парға, жүгері танаптарына төгіледі, минералдық тыңайтқыштар қатараралықтарға тұқыммен бірге сіңіріледі. Қоймада суперфосфат, нитрофос, амофостардың бәрі бар.

— Сақадай сай деген осы.

— Сөзіңе сенейік, енді ісіңді көрейік деген бар емес пе. Енді егіс себу аяқталғанда көрісерміз,— десті николаевтық диқандар. Уәде осыған тірелді де, оларды тауағаштық әріптестерінің көктемгі егіске әзірлігі жақсы екен деген разы раймен аттанып кетті.

Бірнеше күннен бері қонақтарды қарсы алу қамымен жүрген қарбаластың сап болып, Шаяхметтер енді тікелей өз шаруасына білек сыбана кірісіп, ол ылғал жауып жүрген агрегаттарға қарай келе жатыр. Кешегі көктемгі егіске әзірлікті тексерістің қалай өткен қорытындысын ой елегінен екшеп, бригада жұмысын сарапқа салады. «Бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін!» деген ұлы қағида бойынша орындалса екен дейді көңілі. Сол үшін жан салады. Ипатовтық әдістің негізгі темірқазығы да осыған саяды. Коллективтің әр мүшесі осыны терең түсінсе, жарап-ақ жатқаны. Онда іс алға басты дей беріңіз. Шаяхмет николаевтық достарға өз диқандарын таныстырғанда әдейі жеке-жеке санамалап шықты. Әрқайсысының есімін атап, көкірегін қозғап, жауапкершілік сезімін ширата түсуге тырысты. Комплекс бастығы ретінде өз жасағындағы әр жауынгердің аттаныс алдындағы қайрат-жігерін құрыштай түсті. Бүкіл коллектив болып жұмылғанда ғана жаңа әдістің жақсылығы жарқырап көрінетіндігін әркім терең түсінсе ғой. Ендігі мақсат — осыған жетісу.

Социалистік жарыстастың әріптес досы Л. Я. Белоглазов та өте сергек сезімді, сұңғыла адам. Шаяхмет механизаторларын фамилияларымен атап таныстырып болғанда басын изеп, сүйсінгенін білдірді.

— Сіздерде бір үйден бірнеше механизатор бар ма, қалай өзі?— деп сұрады ол.

— Бар,— деді Шаяхмет,— әкесі мен баласы, ағасы мен інісі және қарындасы механизатор мамандығын меңгерген семьялар. Мысалы, Төлеген Рсаев баласы Маратпен бірге «Қазақстанда» болса, Бәкібай Көбенев баласы Серікпен «Беларусь» тракторында жұмыс істейді. Мына менің екі балам Ерсайын мен Серік те механизатор. Бір үйден үш механизатор шығамыз. Бұдан басқа да әулетімен жұмылып жүргендер бар.

— Бұларыңыз жақсы екен,— деді Леонид Яковлевич.— Міне, бұл «Кадрлар тұрақты — өнім де тұрақты» деген сөз. Осы өңірде туып-өскен диқандар осы жердің топырағын да терең таниды. Ол бұл топырақта егінді қалай өсіруді жақсы біледі.— Сол жерде тыңдап тұрғандар бұл сөзге әуелі күлісіп алды да, артынан сырына үңіліп барып, түйінді тағылымына разы болды. Белоглазов дастарқан үстінде отырғанда да осы әңгімеге қайта соғып, бригаданың алдағы үлкен перспективасын баса айтып, былайша сұрақ қойды:

— Бригаданың ең жақсы рекордтық өнімі қалай?

— 1973 жылы дәнді дақылдардың әр гектарынан 24,6 центнерден өнім алдық.

— Сіздің жерде осындай жоғары көрсеткіш тұрақты болатынына нық сенемін. Сенімнің сырын айтайын: сіздерде әбден қалыптасқан ұйымшыл коллектив бар. Диқандық өнер адамдарымыздың қан-тамырына терең сіңіп барады. Атасы, әкесі, немересі — диқан, механизатор. Бұған міне мақтануға болады,— деп Белоглазов бұл бригаданың өміріндегі ерекше қасиетті жан-жақты аңғарды. Диқан досының осы лебізі Шаяхметтің құлағында мәңгі қалғандай кеңседе отырса да, далада келе жатса да сол

сөздің әсерінен арыла алмады. «Жигули» оның сол билі-
рын алаңсыз тербетіп, егістік алқаптарға әкетіп барады.

* * *

Майдың ортасынан ауғанда диқан өмірінің тағы бір ұлы дүбірі басталады. Сайланған тракторлар сеялқаларды сүйретіп, тұқым себуге кірісті. Ипатовтық әдіске тағы бір сын туды. Дала көктемгі егіс ұранымен дуылдап жүре берді. Қазір бөлімше белсенділерінің бәрі егістік басында. Агрегаттар күні-түні тоқтамайды. Бөлімше басқарушысы Балтабек пен Шаяхмет жаңа ғана тұқым тиеп тартқан тракторлардың соңынан қарап тұр. Кілең «СЗС-2,1» сеялқаларын тіркеген «К-700» алыптары бір тоқтағанда біраз жерді қамтып, соңында қарамақпал көрпені сырғандай түп-түзу жіңішке сызықтар қалдырып, жосылтып барады. Күн жылы. Көктем шыққаннан бері ұп-ұсақ күміс тамшылары сіркіреп, бір-екі рет өткінші жаңбыр ырым жасағаны бар. Одан кейін диқан қалауын туғызғандай күн ашық болып тұр. Жылуы да дендеп келеді. Тұқым себуге нағыз қолайлы кезең.

Бұлар совхоз директоры Садуақасовтың машинасын алыстан таныды. «УАЗ» жеңіл машинасы ауылдан шығып, бері қарай беттеді. Олардың да тыным таппайтын шағы. Мана телефонмен сөйлесіп, жайды сұрап еді, енді өзі келе жатыр. Дәл қастарына келіп тоқтады.

— Жағдайларыңыз қалай?— деді директор машинадан түсе сала.

— Жақсы,— деп жауап берді екеуі де.

— Агрегаттар әзір тоқтаған жоқ па?

— Жоқ. Міне, бір звено, әне алты «Кировец»,— деп Балтабек мұнартқан ағаштың бауырын нұсқады. Екінші звено жүр. Төрт «ДТ-75». Бәрі бабында. Реттеуші шеберлер де қасында.

— Дұрыс екен. Бүгін сіздердің құрметтеріңізге аудандық партия комитеті үйінің алдында «Еңбек даңқы»

жалауы көтерілді. Жаңа маған Ленин аудандық партия комитетінің бірінші секретары Владимир Арсентьевич Савченко хабарлады. Соны сіздерге айтып қуантайын деп келдім. Қайырлы болсын.

— Рахмет.

— Өзіңізді де құттықтаймыз...

— Қазір аудан бойынша алдасыздар.

— Енді бөгелеміз-ау деймін. Қарқын төмендейді.

— Оларыңызды түсініп отырмын. Жер кеппеген ғой.

Оның да амалын ойлау керек. Жаңа Қазақ радиосынан академик Бараевтың сөзін тыңдадым. Ол кісі бұрынғыдай ылғал жабуды емес, ылғалдың көзін тауып ашудың қажет екенін айтты. Осыны істеу керек. Әйтпесе уақытты өткізіп аламыз.

Бөлімше басқарушысы мен бригадир қысталаң жайдың амалы табылып тұрғанына қуанғандай бір-біріне қарады.

— Солай істемесе болмайды.

— Біз де жаңа ойланып, ылғалды ашу керек шығар деп ойлап едік,— десті екеуі.

— Агрегаттар тәулік бойы тоқтамастан. Белоглазовтың бригадасы екінші орында өкшелеп келеді. Теңесуге кішкене ғана жетпей тұр.— Директор екі диқанның намысына от тастап жымыып қойды.

— Ол дүлділ емес пе?!

— Бір аптада бітіремін деген.

— Сіздер одан кем соғып жүрген жоқсыздар. Озып та тұрсыздар ғой. Осы қарқынмен аяқтап шығатын болыңыздар. Тапсырма осы!— деп Садуақасов сөзінің соңын бұйрықты раймен аяқтады. Мына ағаларына інілік назын нықтап қойды.

— Орындауға тырысамыз,— деп екеуі келісіп күлімсірейді. Директор машинасына мініп, ілгері қарай егістіктерді аралап кетті.

Әрине, бөлімше басқарушысы мен бригадир «орындалады» деген сөзді әншейін айтқан жоқ еді. Олар диқан

қауымымен бірге күні-түні танаптардың басында, агрегаттардың қасында болды. Дес бергенде күн қабағы да бір бұзылмай, көктемгі егіс аяқталғанша нағыз қолайлы шақ тамылжыды да тұрды. Бір аптаның айналасында негізгі дақыл — бидай себу толық аяқталып болды. Жолаушиннің бригадасы рапорт берсе, басқалары да оның ізін басып, аяқтап жатты.

Бұрын болмаған ең қысқа мерзімде!— Тұқым себу қарқынына осындай баға берілді. Бір бригада, совхоз, аудан емес-ау, тұтас облыс бойынша ғаламат серпін танылды. «Солтүстік Қазақстан облысы бидай себуді 100 сағатта аяқтап шықты» деген хабар республиканы шарлады. Міне, бұл Шаяхмет сияқты дүлдүл диқандардың еңбек жемісі болатын.

Көктемгі егісті ойдағыдай өткізген диқан қауымы аудандық социалистік жарыстың қорытындысын тағатсыздана тосып жүрді. Ал аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің қаулысы шыққанда қуаныштарында шек болмады. Бірінші орын Леонид Яковлевич Белоглазов пен Шаяхмет Құрманұлы Жолаушин басқаратын комплекстерге қатар беріліп, екі коллектив те тең түсті. Есеп әзірге бірдей. Бесжылдықтың бірінші жылында Белоглазов, екінші жылында Жолаушин озды. Үшінші жылдың көктемінде міне, тең түсіп отыр. Енді олар күзді тосады. Күткен күз келеріне кәміл сенімді...

Ауыл іңірі тез үйіріліп, әп-сәттің арасында қараңғылық қоюлана қалды. Қазір көз байланып бара жатқан мезет. Үйдің терезелерінен түскен алакеугім кеш сәулесі бірте-бірте шегініп, түн құшағына сіңіп кетті. Әйнектер кілт жанған электр шамының мол нұрына шағылысып, жарқ-жұрқ етіп сыртқы әлемді мүлде тұмшалап тастады. Анда-санда қыс хабарындай қылаулап қар да ұшқындап қояды. Бізғырық соғып өтеді. Жұрт кеш болса қорадағы малын жайлап, шаруасын тындырып алған соң, жылы үйден иығын шығарғысы келмейтін кез. Шаяхмет бүгінгі газет-журналдарды ақтарып, әскердегі баласы Серіктен келген

хатты қайта-қайта оқып отыр еді. Жетпістен асқан шешесі Сәлипа ауызғы бөлмелердің бірінде кешкі ас қамымен жүр. Тракторшы үлкен ұлы Ерсайын әлі жұмыстан оралмаған.

Осындай оңаша қалғанда жұбайы Ұлпадан мезгілсіз айырылғандығын қатты ойлайды, көңілі жабырқап, түсі өзгеріп, қабағы түсіп кетеді. Біреу есік ашты, тарпылдаған аяқ дыбысынан таныды: балалардың бірі болса керек. Ілгері озып, төргі үйге кірді. Кішкене бала:

— Сізді Ырысбай ағатайым шақырады,— деп тілдей қағазды ұсынды. «Егін бітіп, ес жинадық қой, қазір үйге кел, ас дайын тұр» депті Ырысбай. Шаяхмет оқып шықты да үндеген жоқ. «Жалғыз отырмасын дегені ғой. Қайран ағайын-ай! Жаңа тағы бір үй шақырып кетті. Егін жиналып, қол босаған соң диқанға көрсетіп жатқан құрмет-ау,— дейді ішінен.

— Аға, барасыз ба?

— Барамын, айналайын. ...Міне, келеді деп айт.— Бала тырп-тырп басып шығып кетті. Шаяхмет Серіктің хатын алып тағы қайталап оқыды. «Папа, әскери қызмет өте жақсы өтіп жатыр. Мұнда біздің жігіттер де Сізді біледі екен. Газеттерден суретіңізді көріпті, сіз туралы оқыпты. Бәрі тың туралы сұрайды. «Тың» кітабын оқып жатырмыз. Егер маған келсеңіз, тың туралы айтып берер едіңіз» депті баласы. Әкесін сағыныпты. Келіп қайтуын өтінеді. Қазір бұрынғыдай емес, ата-ананың баласын іздеп, әскер бөліміне барып қайтуы дәстүрге айналып бара жатқан жоқ па? І Барса барып та қалуына болады.

— Ол үшін дайындалу керек,— деп ол стол үстінде жатқан шағын қызыл кітапшаны қолына алды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдастың «Тың» атты естелік кітабы осы. Соңғы кезде тың даңқын тағы бір дабылдатып көтеріп, дүниенің төрт бұрышына түгел танытқан тамаша туынды. Кімнің қолынан болса да осы қымбат қазынаны көреміз.. Шаяхмет те үйіне біреуін

әкеліп қойған. Қолы бос уақытында қадала үңіліп оқып жүр. Әр тұсын қызыл қарындашпен сызып, белгі соғып қойды. Кешке мектеп оқушыларымен кездесуге де шақырып кетті. Онда да тың туралы айтып беруді сұрайды. «Тыңның адамдары өздерін қаһармандар ретінде көрсете білді деп есептеймін. Олар алғашқы кезде тұрмыста болған қиыншылықтардың бәріне төтеп бере білді, сөйтіп, осынау қатал жерді төзімділікпен және табанды түрде жайлы қонысқа айналдырды» деп жазыпты Леонид Ильич Брежнев жолдас.

Бұл жолдар Шаяхметтің жүрегін шымырлатады. Расында да сол жылдардың қиыншылықтары қандай еді. Елсіз далаға ағылып жатқан тың игерушілер керуені ол кезде Петропавл қаласынан шыққан қалпы Есіл өзенін жоғары өрлей жүріп, осы Николаевка селосы арқылы әрмен асатын. Жданов атындағы колхоз болған Тауағаш ауылы Николаев МТС-ына қарап, трактор-егіс бригадасының бригадирі Жолаушин екі ортада жаяулап-жалпылап көп жүруші еді. Көліктің өзі мәнді болмайтын. Николаевка мен Тауағаштың арасында жол онша емес. Қыс пен көктемде адам қатынамайды. Сол кезде бірде мидай далада оппа қармен атын жетелеп келе жатып, соңында вагонша сүйреген «С-80» тракторын жолықтырғаны есінде. Бір топ тың игеруші сақылдаған сары аязда әбден шаршап-шалдығып қалыпты. Вагоншалары суық, киімдері жеңіл. Тракторшы жолдан адасып кеткен.

— Қайдан шықтыңыз?

— Мына меңіреу далада қорықпай қалай жүрсіз?

— Тың әлі алыс па? Білесіз бе?

— Жолымыз дұрыс па?— Трактор тоқтаған соң вагоншадан сау ете түскен жас жігіттер ат жетелеген Шаяхметті қаумалап, қоршап алды. Сұрақтарды жаудырып жатыр.

— Қайда барасыңдар? Бағыттарың қай совхоз?— деп сұрады Шаяхмет.

— «Дос» көлінің маңын. Картадан ғана көрдік.

— Әлі алыс па?

— Мөлшері 150 шақырымдай бар.
— Оһо!
— Ол Сәбит Мұқановтың туған жері. Біздің сондай сүйікті жазушымыз бар,— деді Шаяхмет жігіттерге түсіндіріп.

— Бос жер екен десек, бұрын кісі болған ба?

— Болған. Бұрын бұл жерде қазақтар мал бағып, көшіп-қонып жүрген. Қазір бос. Біздің колхоздарымыздың жайлауы. Жақсы жер.— Шаяхмет тұлыбын шешіп, киіндіріп, бір-екеуін сол жерде жылындырды. «Сіздерге жол көрсетейін» деп келесі ауылға дейін ұзатып салды. Бір туысының үйіне түсіріп, шай ішкізіп, бойларын жылытып жіберді. Олар аттанарда байырғы таныстарындай қол алысып: «Кездескенше» десті. Ақ боранда жастық отын лаулатып, жапан дүзді жарып өтіп бара жатқан сол қаһармандардың тұлғасы жадында жақсы жатталыпты. Олармен талай кездесті, біреуі облыс орталығында өткен бір кеңесте танып, құшақтап жабысты.

Тың Тауағаш даласын да дүр сілкінтті. Бұрын колхоз мың жарым гектарға ғана егін сепсе, енді үш жарым мың гектардан аса жер егістікке айналды. Колхоз 1957 жылы совхозға ауысып, тың игеруші шаруашылықтардың бірі болды. Соның бәрі «Тың» кітабын оқығанда көкіректе тағы да толқып өтеді.

— «Адамдар жерде астық өсірсе — жер адамдардың өзін өсірді. Тың жер, бейнелеп айтатын болсақ, еңбеккерлердің, патриоттардың, өз ісіне шебер адамдардың мол егінін берді». «Тың» кітабындағы бұл жолдарды Шаяхмет дауыстап оқыды. Жүрегіндегі өз ойы айтылғандай сүйсініп қайталады. Тағы да көз жүгіртіп үңілді. «Қанатты сөз. Талай ұрандардың айшығы болатын айдарлы сөз,— деп түйді ішінен.— Шыны солай ғой. Біздің өңір тың игерілгеннен кейін құлпырып, дән теңізі тасқындады емес пе?! Ол рас. Сонау 1954 жылы біздің ауылда бес-алты-ақ тракторшы бар еді. Ал қазір түгел техника тізгіндеген жандар. Міне түлеген тың құдіреті!»

— Аға, сізді Ырысбай ағатайым тосып отыр,— деп манағы бала есіктен қылтиып қарап тағы күлді.

— Қазір, міне. Біреулер бар ма?— деп Шаяхмет балаға бұрылып қарады.

— Жоқ. Жалғыз өзі.

— Ендеше қазір. Жүре бер. Киініп жатыр де.— Ол орнынан тұрып, шақырған жерге қонаққа дайындалды. Кеше облыс орталығына барғанда Ырысбайға арнап «Тың» кітабының бір данасын ала келіп еді. Соны газетке орап жатыр. Ойы замандасын қуантпақ.

Жас еттің иісі бұрқырап, қазаны бүлкілдеп жатқан жылы үйге кіріп келгенде Шаяхмет көңілі бір түрлі толқып өтіп, алыстағы баласының сәлемін айтты.

— Серіктен хат алдық. Сендерге сәлем айтыпты.

— Төрлет. Сәлеміңе рахмет. Дені сау болып, борышын аман-сау атқара берсін, тілектеспіз,— деді Ырысбай қонағын ықыласты қарсы алып.— Егін-егін деп шапқылап жүріп, осы үйден көптен бері дұрыс дәм іше алмадың. Соның сәті бүгін түсті. Шешін, төрлет. Андағың немене?

— Саған алып едім. Мә, оқы. Біз екеуміздің бастан кешкен өміріміз бар осында. Кеше Қызылжарға барғандағы базарлығым. Жұрт таласып алып жатыр екен,— деп қолындағы ораулы кітапты Ырысбайға ұстатты. Ол ашып жіберді де күлді.

— Ендеше мен де бүгін сені қонақ қылып отырып, қуантайын деп едім. Тың туралы жазылса, онда біз туралы жазылған нәрсе ғой. Бину, ана кітапты әперші. Шаяхмет өзі бізге әкеліпті. Біз бұған алып жүрсек. Көрсет кәне, алғанымызды көрсін.

— Арнаған нәрсені алу керек ендеше. Мен оны Серікке салып жіберейін. Тыңда туған түлегім емес пе? Оқысын,— деп Шаяхмет жақсы ниет айтты.

— Ол да дұрыс екен. Ендеше кітабыңды әкел, сен менің кітабымды ал. Мен де Абайға салып жіберейін. Табылған ақыл болды-ау,— деп Ырысбай Шаяхмет әкелген кітапты этажеркаға апарып қойды. Жұбайы Бину өкеп

берген екінші «Тың» кітабын жаңағы газетке қайта орап, Шәкеңе берді.

— Мынау қызық болды-ау өзі,— деді Ырысбай.

— Қызық болғаны сол, шетте жүрген балалар әкесі жолдаған қазақша кітапты көріп, қуанып қалады,— дейді Шаяхмет де.

— Бұл үлкен оқиға,— дейді Ырысбай «Тың» кітабы туралы әңгіме қозғап.

— Тың мерейін тағы бір көтеріп тастады,— деп Шаяхмет те оны қостады. Дастарқан басында екеуі шерткен әңгіме өзегі «Тың» кітабы туралы болды. Осынау тамаша туынды жалғыз осы ошақтың басында, Ырысбай мен Шаяхметтің ордасында ғана емес, ауыл үйлерінің бәрінде, тыңды түлеткен құрыш қолдарының арасында аса бір ыстық ықыласты әңгіме отын маздатқан еді.

«Тың» кітабын олар жырдай етіп, әр жолына жалындаған жанармен үңіледі. «Тың» кітабын оқып отырып өткенін әңгімелейді, бүгінгісін паш етеді, ертеңгісіне көз тігіп толғанады. Бұл туралы әр үйге қымбат қазына болып кіргенін, әр көкіректе айтылмай жүрген күйді шерткенін диқандар өзара терең түсінді. Иә, астық өсірген асқақ тұлғаны осынау ардагерлер өздерінің де күннен-күнге өсіп бара жатқанын біле ме екен? Білетін шығар. Адам өзінің өскенін өзі аңғармауы ықтимал, ал қасында, көз алдында екінші біреудің тұлғасы заңғарланып, биіктеп бара жатса, оны жазбай таниды. Жаңылмайды. Шаяхметтер де солай ғой.

МАЗМҰНЫ

ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ	3
ТАУАҒАШТЫҚТАР ТАБЫСЫ	. 18
ҚАУЫРТ ҚИМЫЛ 32
СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР	. 56

БАХЫТ МУСТАФИН

ПРИЗВАНИЕ

(на казахском языке)

Редактор **К. Ш а л к а р о в**
Художественный редактор **Б. Р. Ж а п а р о в**
Технический редактор **В. И. Д а н и л о в а**
Корректор **А. Ш. К о н к а к о в а**

ИБ. 699

Сдано в набор 12.06.79. Подписано к печати 28.08.79
Формат 70×108¹/₃₂. Бумага типографская № 2. Гарнитура журнально-
рубленая. Печать высокая. Усл. п. л. 4,2. Уч.-изд. л. 4,3: Тираж
5100 экз. Заказ № 719. Цена 10 коп.

Издательство «Кайнар» Государственного комитета КазССР по делам
издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480009,
ул. Советская, 50.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по
делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046,
г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.